РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

SAQSHY

№19 (4569)

www.mediaovd.kz

Газет 1933 жылдан бастап шығады

Жұма, 13.03.2020

ЕРЛІККЕ – ТАҒЗЫМ

Таяуда Кеңес Одағының Батыры генерал-майор И.В.Панфилов атындағы Қызыл Ту Ленин орденді Суворов дивизиясының 8-ші гвардиялық мотоатқыштар Режицалық жауынгерлік туы «Біз – Жеңістің мұрагеріміз!» ұранымен Ақтөбеге жетті. Эстафета 5 ақпанда Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың тапсырмасы бойынша басталып, ҰОС Жеңісінің 75 жылдығына орайластырылған.

Марина НҰРЫМЖАНОВА,
Ақтөбе облысы

Эстафета Алматыда бастау алды. Өйткені дәл осы жерде 1941 жылы генерал-майор И.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы құрылған болатын. Эстафета 2018 жылғы 28 қыркүйекте Душанбе қаласында ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің шешімімен бекітілген Жеңістің 75 жылдығын дайындық және мерекелеу жөніндегі негізгі іс-шаралар жоспары аясында өткізіліп отыр.

Ақтөбе эстафетаны Орал қаласы Ұлттық гвардия өкілдерінен қабылдап алды. Осы уақыт ішінде эстафета Алматы, Ұзынағаш, Қаракемер, Талдықорған, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Атырау, Ақтау, Жаңаөзен және Орал қалаларында Ұлттық ұлан әскерлерінің әртүрлі гарнизондарында өткізілді.

Салтанатты шара барысында Мәңгілік алау алаңына жауынгерлік ту шығарылып, оны әрі қарай тапсыру рәсімі өтті. Орал гарнизонының өкілдері 8-ші гвардиялық мотоатқыштар дивизиясының Жауынгерлік Туының көшірмесін 6655 – әскери бөлімінің командирі, полковник Мирас Тұрдалинге табыс етті. Содан кейін шағын шеру өтіп, гүл шоқтары қойылды. Ұлы Отан соғысында қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Содан соң Ұлттық ұланның өкілдері эстафетаны жалғастыру үшін пойызбен Қостанайға аттанады.

Салтанатты іс-шараға облыстық және қалалық әкімдіктің басшылары, Қазақстан халқы Ассамблеясы, «Нұр Отан» партиясы, ҰОС ардагерлері, ІІО және құқық қорғау органдарының өкілдері, сондай-ақ жалпы орта білім беру мектептерінің оқушылары, «Жас Бүркіт», «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубтарының тәрбиеленушілері, студенттер, БАҚ өкілдері, Орал гарнизонының қоғамдық және әскери қызметшілері қатысты.

– 5 ақпанда ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың шешімімен «Біз – Жеңістің мұрагеріміз» республикалық еске алу акциясы басталды. Эстафетаның басты мақсаты – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандық жауынгерлердің ұлы ерліктерін еске алу және құрмет көрсету. Сондай-ақ, эстафетаның жастарды тәрбиелеу ісінде терең патриоттық маңызы бар. Эстафета кезінде жауынгерлік тудың көшірмесі еліміздің 24 қаласына жеткізіледі, темір жол және автомобиль көлігімен 11 мың шақырымнан астам жол жүріп өтеді, – деді Полиция департаменті бастығының орынбасары Мұрат Жақыпбеков.

(Жалғасы 3-бетте)

3-бет

Су тасқыны кезеңіне дайындық

Таяуда ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде азаматтық қорғау органдарының су тасқыны кезеңіне әзірлігіне арналған брифинг өтті.

4-бет

Өнерімен өрге жүзген

Қыз бала – болашақ ана, тіршіліктің жалғастырушысы. Қазақ халқында «Қыздың жолы жіңішке», «Қыз өссе – елдің көркі», «Қыздың көз жасына қалма!» деген мақал-мәтелдер бар. Осылайша қазақтар әрқашан қыздарын құрметтеп, отбасының ең асыл мүшесі ретінде қабылдаған.

АМАЛ МЕРЕКЕСІ

Бастауын мыңдаған ғасырлардан алатын, еліміздің батыс өңірінде берік орныққан дәстүр – «Көрісу күні» деп аталады. Ол наурыздың 14-іне сәйкес келіп, одан әрі Наурыз мейрамына ұласады.

Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан

Бұл күні жұрт ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Көрші-қолаң бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады. Көрісу күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады. Көрісу – тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін, бір-бірімен қауышатын мерекесі ғана емес, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін күн. Өйткені Көрісу салты бір күнмен шектеліп қалмайды, наурыз бойы жалғаса береді.

Жер бетіндегі тіршілік атаулы жаңаратын бұл кезеңді халқымыз «Амал мерекесі» деп те атайды. Жыл сайын 14-наурызда «Амал келді – Жыл келді!» деп бір-бірін құттықтап, бір дастарханда дәм татып, ескі жылдан жаңа жылға аман-есен жеткеніне қуанған.

Наурыз айындағы «Көрісу» рәсімінің тарихы қандай? Бұл жайында тарихшы, этнолог Жамбыл Артықбаев былай дейді:

– «Көрісу» – қазақтың Наурыз мейрамының негізгі салтының бірі. Совет заманында әбден ұмытылып барып, жаңа жанданып жатыр. Қазаққа қыс мезгілі қашанда ауыр болған, тіпті ертеде түгелге жуық Сырдың бойынан бастап Жиделі Байсынға дейінгі аймақта қыстап отырғанда да қиналса керек. Себебі қыс қытымыр болып жатса мал ашығады, кейде көктемге қарай жаңбыр ерте жауып, не қар еріп барып қайта қатып, жұт басталып кетеді. «Мал ашуы – жан ашуы». Қыс-қамытта бір жерден екінші жерге көшіп, не малын алысқа айдап, жайылымға бола дауласып, бір-бірімен араздасып, елдің есі шығады. Оның үстіне малдың пайдасына бола қазақ шаруашылықтары бір-бірінен қыс кезінде алыстау отырады, себебі қыста да жайылым керек, ол уақытта қазақ шөп-азық дайындамайды дегендей. Осындай қиындықтардан шыққаннан кейін Наурызды қазақ қуанып қарсы алмағанда, кім қарсы алады? Наурызға қазақ қуанбағанда кім қуанады? Көрісу де осыған байланысты шыққан. Қыс бойы бір-бірінің өлі-тірісін біле алмай, сағынған елдің жасайтын жоралғысы. Бір-бірін құшақтап, кейде өлгендерін жоқтап, кейде тірі қалғанына шүкірлік айтып көріседі.

Қазақтың әңгімелері Наурызды Нұқ пайғамбардың заманымен байланыстырады. Жер бетін топан су басқан оқиға оқырманның бәріне де белгілі. Нұқтың жанында Құдайға сенген сексен адам бар, үш ұл, үш келіні бар, алты ай он күн су бетінде қалқып жүріп, өлдік-талдық дегенде Қазығұрт тауының ұшар басына тоқтапты дейді. Біреуі ата-анасынан, біреуі баласынан айрылған, уайым-қайғы басқан ел осы жерде жан шақырыпты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Нұқтың әңгімесін баяндай келе: «Кеменің Қазығұрттың басына тоқтаған күні қасиетті Мұхарам айының оны екен, жұлдыз есебімен санағанда күннің Хамалдың бірінші уәжібіне кірген күні», – дейді.

Арабтың күнтізбесі ай есебіне негізделгеннен кейін ылғи да өзгеріп отырады. Дегенмен, Мұхарам айы оларда қасиетті ай, жылдың басы болғандықтан, құрметке ие, ал жұлдыз есебімен санасақ Хамал қазіргі уақытта Тоқты деп аталады және Наурызға сәйкеседі. Осы себепті қазақ жерінің батыс аймақтарында Наурызды «Амал мерекесі» деп те атайды, «Амал» дегені «Хамалдан» шығады.

5-бет

«Ақжайық полиция аруы-2020»

Шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай Батыс Қазақстан облысының Полиция департаментінде «Ақжайық полиция аруы-2020» конкурсы ұйымдастырылды.

6-бет

Әлеуметтік желі неге «жарылды»?

Міне, көктем мезгілі де келіп жетті. Ал астанада әлі қысқы қарбалас. Қар тазалау бағытындағы қызған еңбекті солтүстік аймақтағы біраз өңірлерден нақты байқауға болады. Жол жиегінен жиі көретін арнайы техникалармен қар тиеп, қала сыртына қарай ағылған жүк көліктерінің қарасы әлі де азаймай тұр.

№19 (4569), жұма, 13.03.2020 e-mail: sakshy@mediaovd.kz

ҚЫТАЙ

АЗИЯНЫҢ ЕҢ БАЙ АДАМЫ

Азияның ең бай адамдары тізіміндегі басты орынды Alibaba-ның негізін қалаушы Джек Ма еншіледі.

Ол үндістандық Reliance Industries холдингінің қожайыны Мукаш Амбаниді басып озды. Бұл туралы Blooberg жазды.

Маның байлығы 44,5 млрд долларға бағаланады. Ол әлемдегі бай адамдардың тізімінде 18-ші орында тұр. Амбанидің байлығы соңғы тәулікте 5,8 млрд долларға кеміп, тізімде 19-шы орынға жайғасты.

Сарапшылардың пікірінше, қытай бизнесмені мобильді қосымшалар мен компанияның бұлтты қоймалардың көмегімен мәліметтерді өңдеу қызметтеріне сұраныстың артуы арқасында шығынды азайта алды. Оның соңғы 24 сағаттағы шығыны бар-жоғы бір млрд қана.

Айта кетейік, Ма Alibaba компаниясын 1999 жылы құрып, арада 20 жыл өткенде басшылық лауазымынан кетті. Бүгінгі таңда ол электрондық коммерция және цифрлы төлем бойынша әлемдегі ең ірі корпорация болып табылады.

24.kz

СОМАЛИ

ЕРЕКШЕ ЕМДЕУ ТӘСІЛІ

Сомалиде күйзеліске ұшыраған адамдарды ерекше тәсілмен емдейді.

Атап айтсақ, оларды қорқауға (гиена) қарама-қарсы отырғызып қояды.

Ескі наным-сенім бойынша бұл жануар психикалық ауытқуға ұшыраған адамның ішіндегі жындарды жояды. Кезінде осылай ойлаған халық адамды қорқаумен бірге бір бөлмеге отырғызуға дейін барған көрінеді. Қазір жағдай өзгерген. Науқас жануардың жанында отырса да, оларды темір топ бөліп тұрады.

Алайда, кәсіби дәрігерлер мұндай терапияға күмәнмен қарайтындарын жасырмайды. Бірақ Сомали тұрғындары үшін басқа амал жоқ. Өйткені, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдеуінше, бүкіл ел бойынша небәрі үш кәсіби психиатр бар екен.

24.kz

КОЛУМБИЯ

ТАСБАҚА ТӘРКІЛЕНДІ

Колумбияда тасбақа контрабандасы әшкереленді.



Оқиға елдің оңтүстік-шығысындағы Амасонас департаментінде болған. Мұнда әуежайдағы тексеру кезінде қызметтік иттер екі мыңнан аса тасбақаның баласын тауып алған. Қаскөйлер оларды сусыз, кәдімгі пакеттің ішіне салып өтпек болған.

Салдарынан 150 жәндік өліп қалған. Қалғандарының көбінің жағдайы нашар болған екен. Полицейлер тәркіленген партияның қара нарықтағы құнын 250 мың долларға бағалап отыр.

– Белгілі болғандай, бұл тасбақалар Оринокия өңірінен әкелінген. Қаскөйлер оларды АҚШ пен Жапонияға жеткізбек болған. Онда әр тасбақа шамамен 500 долларға сатылады, – дейді полиция қызметкері Хорхе Родригес.

24.kz

Әлеуметтік міндеттемелер орындалады

Қазақстан Үкіметі әлемдік экономикада орын алған күрделі жағдайға қарсы әрекет етудің бірнеше нұсқасын әзірледі.

Бұл туралы бүгін Үкімет отырысында ҚР Премьер-министрі Асқар Мамин айтты.

– Өздеріңізге мәлім, әлемдегі экономикалық жағдай күрделі болып тұр. Сыртқы экономикада коньюнктураның теріс серпіні байқалып отыр. Бірқатар ірі халықаралық қаржы ұйымдары мен даму институттары биылғы жылы әлемдік экономика өсімі болжамының төмендегенін хабарлады. ОПЕК+ мұнайдың негізгі экспорттаушы елдері арасындағы мұнай өндіруді шектеу бойынша ортақ келісімге қол жеткізбеуі себебінен мұнайдың әлемдік бағасы айтарлықтай төмендеуіне алып келді,– деді Үкімет басшысы.

Дегенмен, оның айтуынша ұлттық экономикадағы жағдай биылғы екі айдың нәтижесі бойынша 3,3 пайыз деңгейінде сақталып отыр. Экономиканың шикізаттық емес салаларында өсім байқалуда. Өңдеуші өнеркәсіп 9,4, оның ішінде көлік жасау – 72,2, жеңіл өнеркәсіп – 12,4, мұнай өңдеу – 9,8 және металлургия 8,2 пайызға өсті. Тау-кен саласы – 4,7, соның ішінде металл кендерін өндіру – 8,8 және табиғи газ өндіру 4,1 пайызға артты. Сонымен қатар құрылыс – 11,9 және байланыс 10,7 пайызға өсім көрсетті. Инфляция нысаналы 6-8 пайыз шегінде сақталып отыр. Негізгі капиталға инвестициялар 11,6 пайызға, ал жеке инвестициялар 12,1 пайызға ұлғайды.

– Бұл ретте қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Президенттің тапсырмасы бойынша Шұғыл әрекет ету штабы және барлық өңірлерде тиісті штабтар құрылды. Үкімет осы жағдай одан әрі қарай дамуының бірнеше нұсқасын әзірледі. Әр нұсқа қажетті қаржы ресурстармен қамтамасыз етілген. Бұл шаралардың мақсаты халықтың әл-ауқатының сақталуын қамтамасыз ету болып саналады. Азаматтарымыздың ешқайсысын қиын жағдайда қалдырмаймыз, – деді Асқар Мамин.

pm.kz

Ұлттық Банктің мәлімдемесі

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі сыртқы сектор тарапынан тәуекелдерге теріс ықпал ету аясында баға тұрақтылығын қолдау қажеттілігіне негізделген базалық мөлшерлеменің деңгейі бойынша кезектен тыс шешім қабылдады.

ҰБ мәліметінше, 10 наурыздан бастап базалық мөлшерлеме пайыздық дәлізді +/ – 1,5 пайыздық тармаққа дейін кеңейтіліп, жылдық 12 пайыз деңгейінде белгіленеді. Тиісінше, өтімділікті ұсыну бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 13,5 және өтімділікті алу бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша 10,5 пайыз болады.

– Базалық мөлшерлемені арттыру туралы шешім әлемдік экономикадағы ахуалдың күрт өзгеруіне қарай қабылданды. COVID-19 короновирусының таралу ауқымының айтарлықтай кеңеюі қазақстандық экспортты негізгі тұтынушы Қытай және Еуропалық одақ сияқты елдердің экономикалық даму перспективаларының нашарлауындағы негізгі факторға айналды. Brent сұрыпты мұнай бағасы 2020 жылғы 9 наурызда ОПЕК+ отырысына қатысушылардың мұнай өндіруді қысқарту бойынша мәміленің талаптары туралы уағдаластыққа келе алмауынан күрт төмендеді. Оның белгіленген бағасы бір күнде 30 пайыздан аса барынша көп төмендеп, бір баррель үшін 31-36,5 АҚШ доллары деңгейінде болды, – деп атап өтеді Ұлттық банк.

Базалық мөлшерлеме бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің кезекті шешімі 2020 жылғы 16 наурызда Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 15:00-де жарияланады.

inform.kz

Бюджеттің кіріс бөлігіне әсер етті

Үкімет басшысының орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Смайылов Қытайдағы коронавирус инфекциясының ықпалы Қазақстан экономикасына қалай әсер еткенін айтып берді.

– Мемлекеттік бюджеттің кірістері есеп беріліп отырған кезеңнің жоспарына қарағанда 97,3 пайызға, олардың ішінде республикалық кірістер – 83 пайызға, жергілікті бюджеттер 145,3 пайызға орындалды. Республикалық бюджет кірістерінің толығымен орындалмауы келесі сыртқы факторлардың әсерінен болып отыр. Біріншіден, Қытайда өткен жылдың соңында пайда болған коронавирус эпидемиясының таралуы импортқа салынатын қосылған құн салығының көлеміне теріс әсерін тигізуде. Атап айтқанда, биыл ақпан айында қытайлық импорттың көлемі 2019 жылдың ақпанымен салыстырғанда 11 пайызға, ал физикалық көлемі 27 пайызға төмендеді, – деді Әлихан Смайылов Үкімет отырысында.

Қаржы министрінің айтуынша осының салдарынан Қытайдан келетін импорттық тауарлардан түсетін кедендік баждар мен салықтардың көлемі 12 пайызға, яғни 2,1 млрд теңгеге азайған.

– Жалпы есептік кезеңде Қытайдан келетін автокөлік құралдарының саны 24 пайызға және темір жол көліктері 14 пайызға азайды. Одан басқа ақпан айында Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен импорт тасымалдайтын автокөліктің саны 20 пайызға төмендеді, – деді ол.

Әлихан Смайылов, сондай-ақ, сыртқы нарықта бағалардың төмендеуі де республикалық бюджеттің кірістерінің толығымен орындалмауына себеп болып отырғанын айтады.

– Мыстың бағасы 6 пайызға, алюминий – 5 пайызға, мырыш – 10 пайызға, қорғасынның 3 пайызға төмендеуі корпоративтік табыс салығын төлемшілердің аванстық төлемдерінің азаюына әсер етті. Сонымен бірге 18 екінші деңгейлі банктен түсімдер 56 пайызға азайды. Сыртқы теріс факторлардың әсеріне қарамастан қосылған құн салығы бойынша 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 110,5 пайыздық өсім қарқыны қамтамасыз етілді, – деді ол.

inform.kz

Кәсіпкерлер пәтер сыйлады

Түркістан облысы Шардара ауданында көпбалалы анаға баспана тарту етілді. Бұған дейін баспана тауқыметін тартып келген Қарлығаш Манаповаға ел азаматтары үш бөлмелі үйдің кілтін табыс етті.

Ел ағалары мен жомарт кәсіпкерлер бірігіп, облыста жүзеге асырылып жатқан «Қамқорлық» бағдарламасы аясында көпбалалы отбасына сауапты іс жасады. Аталмыш шараға Шардара ауданы әкімінің орынбасары Бауыржан Шомпиев қатысып, үйлі болған жеті балалы отбасын құттықтады. Алдағы уақытта да қоғамды ізгілікке, мейірімге жетелейтін бастамалар жалғаса береріне сенім білдірді.

Айта кетейік, өңірде «Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалының үйлестіруімен «Қамқорлық» бағдарламасы аясында 1643 отбасы арнайы тізімге алынған. Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің тікелей бақылауында тұрған бағдарлама жұртшылық тарапынан қызу қолдауға ие болды. Партия филиалы, осы салаға жауапты басқарма, аудан, қала әкімдіктері тарапынан тиісті жұмыстар атқарылуда.

Осы ретте Шардара ауданында да ілкімді іс бар екенін айта кеткен жөн. Қазірдің өзінде облыс аумағында 10-ға жуық отбасы баспаналы болып үлгерді. Елдің жомарт, отаншыл кәсіпкерлері игі бастамаға айрықша үлес қосуда. Бағдарлама аясында тұрғындарға азық-түлік, қаржылай және өзге де көмектер көрсетіліп жатыр.

inform.kz

Әлеуметтік пакеттер таратылады

Нұр-Сұлтанда 10 наурыздан бастап АӘК алатын отбасылардың 1 – 6 жас аралығындағы балаларына азық-түлік пен тұрмыстық химия тауарлары беріле бастайды.

Кепілдендірілген әлеуметтік пакеттер елорданың төрт ауданындағы «Магнум» ЖШС сауда желісінің бес супермаркетінде белгіленген кесте бойынша беріледі. Жалпы, мемлекеттік әлеуметтік көмек 4,4 мыңнан аса баланы қамтиды. Олардың ата-аналары осы жылдың қаңтар-ақпан айларында АӘК алу жөнінде өтініш берген болатын.

Айта кетсек, 1-6 жас аралығындағы балаларға арналған әлеуметтік көмекке азық-түлік пен тұрмыстық химия тауарлары кіреді. Бұл жиынтық аз қамтылған отбасыларындағы әр балаға тоқсанына бір рет беріледі. Қазіргі уақытта дүрлікпе мен ұзын-сонар кезектердің алдын алу мақсатында елордалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау Басқармасы кепілдендірілген әлеуметтік пакеттер алушылардың тізімін жасады. Әлеуметтік пакеттер ай сайын кесте бойынша беріледі.

Әрбір беру пунктінде жауапты тұлғалар бекітілген. Әлеуметтік пакетті алушылар өз ЖСН-н Магнум.кз сайтына енгізіп, тізімде бар-жоғын тексере алады.

Кестеде азаматтардың кепілдендірілген әлеуметтік пакеттерді қашан және қайдан алуға болатыны және азаматтардың супермаркеттің қай филиалына бекітілгені көрсетілген.

elorda.info

Ерлікке – тағзым

(Соңы, басы 1-бетте)

Содан кейін Ұлттық гвардия өкілдері Ақтөбе ардагерлеріне жол тартты. Бірінші болып 92 жастағы ардагер Борис Конюшенкоға барды. Соғыс ардагері тұратын көп қабатты үйдің ауласында ту ұстаушылар тобы мен құрметті қарауыл салтанатты шеруімен Жауынгерлік ту көшірмесімен өтіп, Жеңіс маршын орындады, ардагерге сыйлықтар, алғыс хаттар мен гүл шоғын табыс етті. Ардагер 17 жасар бозбала жасында Сталинге хат жазып, әскер қатарына шақырылып, авиацияда қызмет еткен. 1946 жылы шақырылғанына қарамастан Борис Конюшенко 1949-1951 жылдары халық армиясының құрамында қызмет еткен және достас елдің сарбаздарын әскери іс және жауынгерлік эскадрильге үйретіп, Қытайда арнайы тапсырмамен болған. Достық белгісі ретінде және Қытай халқына көмек көрсеткені үшін ол төрағасы Мао Цзэ Дунның қолынан естелік медальмен марапатталыпты.

Сол күні жауынгерлік туды ұстаған делегация мүшелері гүл шоқтарын және сыйлықтарын алып ҰОС және ІІМ ардагері Михаил Диденкоға да барды. М.Диденко 1943 жылдың қараша айында 17 жасында Қызыл әскер қатарына шақырылды. Пулемет есебінің командирі Михаил Диденко алғашқы жауынгерлік ұрысқа 92-ші атқыштар дивизиясының 31-ші батальоны құрамында Молодечно қаласында енді, содан кейін Пуховичи қаласын 3-ші Белоруссия майданының құрамында азат етті.

М.Диденко Вильнюс және Каунас қалалары үшін шайқастарға қатысып, Пруссияда жауды талқандау кезінде жарақат алды. Қызыл Жұлдыз ордені мен «Жауынгерлік ерлігі үшін» және «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. Бейбіт уақытта 30 жылдан

астам уақыт Ішкі істер органдарында қызмет етіп, 1983 жылы Ақтөбе облыстық атқару комитеті ІІБ ОБХС бастығы қызметінде жүріп, құрметті демалысқа шықты. Ішкі істер органдарындағы қызмет кезінде «Құрмет белгісі» орденімен, «Милиция үздігі» төсбелгісімен және басқа да наградалармен марапатталды.

Абайлаңыз, бала бар!

Наурыздың 11-і күні Нұр-Сұлтан қаласында Ресей Федерациясының «Қауіпсіз қозғалыс» Сараптама орталығының ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өтті. Жиынның басты мақсаты – балаларды автокөлікпен тасымалдау уақытында қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету. Осы тақырып аясында екі мемлекеттің өкілдері тәжірибелерімен бөлісті.

Нұржайнат ХАМЗАЕВА,
Нұр-Сұлтан

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының пайымдауынша, 5-29 жас аралығындағы адамдар өлімінің басты себебі – жол-көлік оқиғасы. Қазіргі уақытта ЖКО кезінде балалардың жарақат алуы – мемлекеттік деңгейде қарастыруды талап ететін ведомствоаралық мәселе. Балалардың жол жүру кезіндегі қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді шешу бойынша күн тәртібіне қойылған пункттерге байланысты Қазақстан және Ресей тарапынан қатысқан спикерлер баяндама жасады.

Шараның маңызын түсіндіре отырып, «Қауіпсіз қозғалыс» Сараптама орталығы талдау бөлімінің жетекшісі Елена Борисенко сөз бастады. Ол ЖКО кезінде балалардың жарақат алуына қатысты зерттеулер жүргізудің бес негізгі бағытын атап берді. Екінші бағытқа сәйкес бұл тек бір емес, бірнеше саланың назарын талап ететін өзекті мәселе екені айтылды. Сондықтан да дөңгелек үстелге қатысқан ҚР ІІМ ӘПК аға инспекторы, полиция майоры Ақтоты Боранова статистикалық мәліметтерді мысалға келтіріп, біздің елімізге де осындай орталықтың керектігін айтты. Баяндамада елімізде жылына қанша ЖКО, оның ішінде балалар зардап шеккен жол апаттарының саны айтылды. Автокөлікпен жүргенде 7 жасқа дейінгі балаларға төнетін қауіпті арттыратын басты себеп – арнайы автокреслоның болмауы. Яғни ата-аналар мен такси қызметтері бұл мәселеге немқұрайлы қарауы салдарынан бөбектер зардап шегеді. Балалардың ЖКО кезінде жарақат алуы немесе мерт болуы ІІМ-нен бөлек, Денсаулық сақтау министрлігі, Білім және ғылым министрліктерінің де назарын аудартты. Әр ведомство ең алдымен ата-аналарды өз перзенттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шақырды. Ресейлік маманның айтуы бойынша, оларда болашақ аналармен және жас аналармен дәл осы проблемаға қатысты түсіндіру жұмыстары мен арнайы сабақтар перзентханада жүргізіледі екен. Тағы айта кетерлігі, бұл тәжірибе, яғни баланың арнайы автокреслоға отырғызылуы мен қауіпсіздік белдігінің тағылуы ЖКО кезінде көптеген сәбидің өмірін сақтап қалған. Сондай-ақ, маман жауапкершілігін толық сезінуі үшін көлік жүргізушілерін жауапқа тарту шараларын күшейту керек деп есептейді. Осы орайда Яндекс.Таксидің Орталық Азия нарығын дамыту бойынша атқарушы директоры – Темірлан Шапиевпен тілдестік.

– Біздің компаниямызда тұтынушылардың қауіпсіздігі бірінші орынға қойылған. Өткен жылы біз Алматы қаласындағы такси көліктеріне балаларды отырғызуға арналған арнайы орындықтардың 500-ін алдық. Алайда клиенттердің көбі «Автокресло керек» деген батырманы басуды ұмытып кетеді. Сапалы, сенімді автокреслоның орташа құны 100$, сәл қымбаттау. Бірақ баланың өмірінен қымбат емес. Сондықтан біз Нұр-Сұлтан қаласындағы жүргізушілеріміздің бір бөлігіне арнайы орындықты алуды міндеттеп жатырмыз, – деді Т.Шапиев.

Жиын соңында Ресей мен Қазақстан арасында жол қауіпсіздігі саласында тәжірибе алмасу және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Суретті түсірген
Медет ӘШІРБЕКОВ

Су тасқыны кезеңіне дайындық

Таяуда ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде азаматтық қорғау органдарының су тасқыны кезеңіне әзірлігіне арналған брифинг өтті.

Бауыржан БЕРІКҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан

Іс-шараға қатысқан ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Юрий Ильин ІІМ орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, көктемгі су тасу кезеңінде төтенше жағдайлардың туындау қаупін азайту бойынша іс-шаралар кешенін жүргізгенін атап өтті.

– Биыл су тасқыны қауіпті кезеңіне дайындық мақсатында 2019 жылдың күзінде өңірлерде 165 шақырым қорғаныс бөгеттерін салу және жөндеу; су тасқыны қаупі бар өзендердің 375 шақырым жағалауды бекіту, түбін тереңдету, түзету; 156 шақырым су бұру арналарын орнату; 6 мың км 3513 арнаны, 4709 дана арықты және 17 мың бірлік автокөлік және т/ж көпірлері астындағы су өткізу құрылыстарын тазарту бойынша жұмыстар жүргізілді, – деді спикер.

Жергілікті атқарушы органдардың күшімен су басуына жол бермеу мақсатында елді мекендерден 11,5 млн. астам текше метр қар шығарылған.

Сонымен қатар су тасқыны қатерлерінің алдын алу және оларды жою жөніндегі жол картасы іске асырылуда (2017-2020 жылдарға арналған), өткен үш жыл ішінде су тасқыны әсеріне ұшыраған 1046 елді мекеннен 437 елді мекенде су басу қаупін болдырмауға және 287 елді мекенде су басу қауіп-қатерін барынша азайтуға мүмкіндік берді. Ықтимал су басу жағдайына эвакуацияланатын халықты қабылдайтын 1707 бекет әзірленді, маршруттар жаңартылды, қажетті көлік бөлінді. Эвакуацияланған халықтың тіршілігін қамтамасыз ету үшін әкімдіктер қажетті құралдар (шатыр-кереуеттер) дайындады. Азық-түлік пен ауыз су қоры жасалды.

Су тасқыны жағдайының ықтимал қиындауына жедел ден қою мақсатында ішкі істер органдарынан жалпы саны 9 мың адам және 1730 бірлік техникадан арнайы күштер мен құралдар топтамалары құрылды. Жекелеген өңірлерде су тасқыны жағдайы шиеленісуі мүмкін жағдайға қосымша көмек жіберу үшін ТЖК және Ұлттық ұланның аумақтық бөлімшелерінің күштері мен құралдарының резервтік топтары дайындалды.

25-26 ақпанда «Көктем-2020» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу барысында азаматтық қорғау басқару органдарының, күштер мен құралдардың іс-қимылдары іс жүзінде пысықталды, Басқару штабы Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан.

Майдангерлер мәңгі есте

Полиция қызметкерлері бұл шарада ең алдымен Ұлы Отан соғысының мазмұны жайлы, соғыста ерлік көрсеткен батырлардың ерлік істері туралы әңгімелеп, жыл сайын Жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлайтынына тоқталды. Содан соң Ұлы Отан соғысы ардагерінің жұбайын және әріптес аруларды, сондай-ақ ІІО-да қызмет атқарып, кейін зейнетке шыққан аға буын өкілдерін көктем мерекесімен құттықтады.

Юрий КЛЫКОВ,
Солтүстік Қазақстан облысы

Солтүстік Қазақстан облысы ПД бастығы, полиция полковнигі Марат Төлебаев Ұлы Отан соғысы ардагерінің жесірі Варига Әбілмәжінованы көктем мерекесімен құттықтады.

Варига Шәймерденқызының жары, майдангер Насыр Әбілмәжінов соғыстан кейінгі жылдары солтүстікқазақстандық милиция қатарында қызмет атқарып, Возвышен аудандық ішкі істер бөліміне жетекшілік еткен. Насыр Әбілмәжінұлы бұдан 30 жыл бұрын дүние салды. Ал оның әріптестері күні бүгінге дейін оның жұбайы Варига Шәймерденқызына қолдау көрсетіп, келіп тұрады.

Міне, дәл осы жолы да Марат Төлебаев СҚО ПД бастығының орынбасары, полиция полковнигі Қапез Дәулетбаевпен, облыстық және қалалық полиция бөліністеріндегі Ардагерлер кеңесінің төрағалары Сұраған Көпеевпен, Серғали Жұмағұловпен бірге қарт әжейді халықаралық әйелдер күні мейрамымен және туған күнімен құттықтады. Наурыздың 10-ы күні Варига Шәймерденқызы 90 жасқа толды. Облыстық полиция басшысы зейнеткерге гүл мен сыйлығын табыс етіп, мықты денсаулық пен ұзақ ғұмыр тіледі.

Сондай-ақ, жуырда полиция арулары мен ішкі істер органдарының әйел ардагерлерін облыстағы ірі полиция бөлінісі Петропавл қаласының Полиция басқармасының қызметкерлері құттықтады.

Қылмыспен күресте, қоғамдық қауіпсіздікті және тұрғындармен өзара байланысты қамтамасыз етуде алғы шепте жүрген қызметкерлердің бірі – қалалық тәртіп сақшылары. Ерлермен бірге 209 әйел қызмет атқарып келеді. Олардың 131-і – офицер, 12-і – сержант, 15-і – мемлекеттік қызметкерлер, 51-і – ерікті құрам. Көктемнің шуақты мерекесімен оларды қалалық Полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Жандос Мұқатов пен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серғали Жұмағұлов құттықтады.

Мерекелік жиын Сәбит Мұқанов атындағы қазақ-сазды драма театрының әртістері, Ұлттық ұлан Әскери институтындағы шығармашылық ұжымның өкілдері, сондай-ақ, петропавлдық полицейлердің өздері дайындаған концертпен аяқталды.

Ұландықтар ұрыларды ұстады

Елордада Ұлттық ұлан сарбаздары бұрын сотталған ұрыны ұстады.

Дарын СЕЙІТОВ,
Нұр-Сұлтан

8 наурыз күні сағат 18.45 кезінде Бейбітшілік көшесіндегі қоғамдық тәртіпті бақылап жүрген әскери жасақ қолында әйел әмияны бар ер адамды байқайды. Жасақтың жетекшісі Азамат Нұрланұлы тез шешім қабылдап, қасындағы жауынгерлер Жайдар Дәулет пен Азамат Әділғазинов үшеуі сезік тудырған азаматты ерекше бақылауға алады.

Әскерилердің өзіне қарай келе жатқанын көрген сезікті бірден қаша жөнеледі. Ұландықтар сол мезетте «Камила» атты қызметтік итті оның ізіне салып, қашқынды қолға түсірді. Көшедегі азаматтың аяқ асты қашуына не себеп болғанын анықтау үшін сарбаздар оны Сарыарқа аудандық полиция басқармасына жеткізген. Ұсталған жігіттің бұрын да ұрлықпен сотталғаны белгілі болды. Жасы 25-те. Басқармада әмиян иесі оны жазбай танып, күдіктіге ұрлығын мойындауына тура келді.

Арада бірнеше сағат өткенде 5573-әскери бөлімінің тағы бір жасағы көше тәртібін қадағалап жүріп, мас адамды көреді. Жасақ құрамындағы Абай Құлмахамбетов, Әділет Кеңесханов және Медет Қойшиев көшені басына көтеріп, айналасын балағаттап, көпшілік назарын өзіне аударған ер азаматты тоқтатады. Қоғамдық тәртіпті бұзған оның да бұған дейін ұялы телефон ұрлап, іздеуде жүргені белгілі болды. Қолды болған телефон Сарыарқа аудандық полиция бөлімшесінде тәркіленді.

№19 (4569), жұма, 13.03.2020 e-mail: sakshy@mediaovd.kz

Сүйікті жар, айбарлы офицер

Аналар мерекесі әлемге шуағын ала келген көгілдір көктемнің әдемі сәтімен ұштасып, әрбір адамның жүрегін тербеп, ерекше сезімге бөлейді. Қоғамда, отбасында аналардың орны ерекше. Жаратылысы нәзік болса да, бел қайысар ауқымды жұмыстардың басы-қасында ер азаматтардың қатарында әйелдер де жүреді.

Айгүл НҰРМАНОВА,
Қызылорда облысы

Қазіргі таңда еліміздегі мемлекеттік және әскери мекемелерде ерлермен иық тіресе абыроймен еңбек етіп жүрген әйелдер жетіп артылады. Солардың бірі – азаматтық қорғау майоры Ақмарал Сермағамбетова. Ақмарал Сағитжанқызы 1972 жылдың 10 маусымында Қарағанды облысы Балқаш ауданы Сары-Шаған станциясында дүниеге келген.

Ол 1991-1996 жылдары Қызылорда политехникалық институтында білім алып, гидромелиорация саласының инженер-мелиораторы маманы атанды. Сонымен бірге 1999-2001 жылдары Мәскеу экономикалық статистикалық институтын тәмамдап, заңгер біліктілігін иеленді. Еңбек өтілін он жеті жасынан, яғни 1989 жылы Қызылорда қаласы санитарлық эпидемиологиялық стансасында дезинфектор болып бастаған. 1991 жылы Қызылорда облысы статистика басқармасының «Электронды есептеу машинасы» операторы, 1998 жылы Қызылорда политехникалық институтының ғылыми қызметкері, 1998 жылы Қызылорда гарнизонының анықтау және іздестіру бөлімінің іс жүргізушісі, 2005 жылы Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасының әкімшілік жұмыс бөлімінің аға инженері, 2006 жылы Қызылорда облысы бойынша Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау басқармасы әкімшілік жұмыс, қаржы, талдау және жоспарлау бөлімінің бас маманы, 2008-2019 жылдары Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің кадр жұмысы бөлімінің бастығы, Төтенше жағдайларды жою бөлімінің бас маманы болды. 1-сыныпты маман Ақмарал Сағитжанқызы қазіргі таңда Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаментінің Зілзалалардың қауіп-қатерін азайту және азаматтық қорғау саласындағы бақылау басқармасының бас маманы қызметін абыроймен атқарып жүр. Оған қоса қоғамдық жұмыстардың белсенді атсалысушысы ретінде құрметке ие. Ол Департаменттегі Әйелдер кеңесінің төрайымы.

Ақмарал Сағитжанқызының атқарған еңбегі де елеусіз қалған емес, басшылық тарапынан ұдайы марапатталды: 2002 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне 10 жыл» медалін, 2011 жылы ҚР ТЖМ «Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін» III дәрежелі медалін, 2011 жылы ҚР ТЖМ «Төтенше жағдайлар жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісін, 2015 жылы Қызылорда облысы әкімінің «Алғысын», 2016 жылы ҚР ІІМ ТЖК «Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін» II дәрежелі медалін, 2018 жылы ҚР ІІМ «Грамотасын», 2019 жылы ҚР ІІМ «Құрмет Грамотасын» иеленген.

– Төтенше жағдайлар саласында еңбек жолымды бастаған сәттер – 2005 жылдың 31 тамызында ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің тарапынан «Ішкі қызмет лейтенанты» әскери атағын иеленген кездегі, үлкен жауапкершілікті талап ететін әскери форма киген кезім, иыққа погон таққан кездегі толқынысым ерекше есімде, – дейді азаматтық қорғау майоры А. Сағитжанқызы әңгімелесу барысында.

Иә, әскери қызметте абырой мен ар-намысты ту етіп көтеріп жүрген Ақмарал әріптесіміз – отбасында да өнегелі әулеттің іргесін отағасы Минутпен бірге қалап отырған, ауыз-біршіліктің ұйытқысы бола білген отанасы. Жұбайы Минут Есенов те ұзақ жылдар бойы табан аудармай «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының жетекші маманы болып еңбек етуде. Ұлы Дулат – «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру бөлімінің басшысы. Мират – №23 мектеп-лицейдің 11-сыныбының үздік оқушысы және «Алтын белгі» үміткері. Ал сүт кенжесі, атаанасының ерке қызы Адиназ – 4-сыныптың үздік оқушысы, мектептің мақтанышы.

Жанұяда үш баланың аяулы анасы Ақмарал Сағитжанқызын көктем мерекесімен құттықтай отырып, шаңырағыңыз шаттыққа кенеле берсін, қызметте абыройлы бола беріңіз деген әріптестік лебізімізді білдіреміз. Лайым елімізде өздеріңіздей өнегелі отбасылар көп болсын!

Өнерімен өрге жүзген

Қыз бала – болашақ ана, тіршіліктің жалғастырушысы. Қазақ халқында «Қыздың жолы жіңішке», «Қыз өссе – елдің көркі», «Қыздың көз жасына қалма!» деген мақал-мәтелдер бар. Осылайша қазақтар әрқашан қыздарын құрметтеп, отбасында қонақ деп қабылдаған.

Есенбол ИМАНҒАЗЫ,
Нұр-Сұлтан

Ұлттық ұланның қатарында да нәзік жандылардың саны жетерлік. Біз Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің мүшелері қобызшы ефрейтор Айдана Жаңабаева мен домбырашы кіші сержант Жұлдыз Жабелова жайында айтамыз. Арнайы барып сұхбат жүргізгенімізде өздерін кәсіби маман ретінде ұстауы әңгіменің мәнді боларын аңғартқандай болды. Жылы шырай танытқан жұлдыздарымызды алғашқы сұрақ аса ойландырмады да. Біздің «Өнер жолына қалай келдіңіздер?» – деген сұрағымызға:

– Біз Жұлдыз екеуміз бір бірімізді мектеп қабырғасынан білеміз. Мен – Қызылорда облысының тумасымын, ал ол – атыраулық. Бізді мәдениеттің ордасы Алматы табыстырды. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде түрлі байқау, сайыстарға қатысып жүріп, кездесіп қалдық. Әңгімеміз жарасып, үнемі шығармашылық байланыста болдық. Менің Ұлттық ұлан ән-би ансамбліне келуіме де осы Жұлдыздың көмегі тиді, – деп жауап берді қобызшы қыз.

Содан не керек, 2014 жылы Айдана Жаңабаева ансамбль құрамына келіп қосылады. Өнердің шыңына бірге шығамыз деген арман, мақсатына жету үшін Жұлдыз бен Айдана бірігіп дуэт құрамыз деп шешеді.

– Қазақтың қос аспабы қасиетті домбыра мен қобыздан үндескен композицияларды халыққа ұсыну негізгі жоспардың бірі болып табылады. Оған қоса, ұлттық туындыларды қазіргі заманға лайықты етіп өңдеу, халыққа шығару да жоспарымызда бар. Соған сай жұмыс жасап келеміз. Бүгінде қоржынымызда 40-тан аса туынды бар. Барлығы дерлік заманауи нақышта өңделген, – дейді Жұлдыз Жүсіпқызы.

– «Di-Art Style» тобының атауы, құрылуы туралы айтып өтсеңіздер?

– Ол топтың құрылуы басында белгілі болған. Мен Ұлттық ұланға келер алдында Жұлдыз екеуміз дуэт жасаймыз деп шешкенбіз. 2015 жылы шартты түрде топ құрылды. Басында екеуміз ғана сахнаға шығып жүрдік. Ол кезде топтың аты да болмаған еді. Кейін ансамбль мүшесі Нұрлыбек Аманов деген азаматты топқа шақырдық. Ол да бірден келісе кетті. Трио болғаннан кейін топтың атын қою керек, имидж қалыптастыру керек, киім үлгісі сай болғаны дұрыс. Сондай-ақ шығармашылыққа белсене араласуымыз керек болды. Сол кезде ең алғашқы жұмысымыз демеушілік іздеу болды. Әлеуметтік желілер арқылы хабарламалар жасап көрдік. Өнердің жанашырлары көп болды. Солардың бірі Динара есімді ару қыз бізге хабарласып, киім жағынан демеушілік жасай алатынын жеткізді. Тығыз қарым-қатынас орнап, әлі күнге дейін бізбен бірге жұмыс атқарып келеді. Топтың атауындағы да «Di» сол кісінің есімінен басталады. Ал, «Art» деген өнер екені белгілі болса, «Style» жаңа стиль біздің бағыт дегенге саяды. Міне, біздің топтың шығу тарихы қысқаша осылай, – дейді өнер иелері.

– Шығармашылық топтың алдағы жоспарымен бөліссеңіздер?

– Алға қойған жоспарларымыз өте көп. Солардың біріне тоқталсақ, «Di-Art Style» тобының бір сағаттық концертін жоспарлап жатырмыз. Жазда, яғни қала күні мерекесіне орай «Қазақ көрме» деген ашық алаңға тігілген сахнада қала тұрғындары мен қонақтарына өнер көрсетеміз, – деп жауап берді ефрейтор Айдана Жаңабаева.

Ата-бабамыз әйелді «Ана» деп құрметтеген. Қазақтың әйелі алдымен береке-бірліктің, ынтымақтың, бақ пен ырыстың нышаны. Атам қазақ есте жоқ ескі заманнан бері қызына аса ерекше мейіріммен, ілтипатпен қараған.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы шешуші рөл атқаратыны анық. Біздің екі кейіпкеріміз де отбасылы жандар. Айдана Нұрсұлтан есімді сүйкімді ұлдың анасы, ал Жұлдыз екі бала тәрбиелеп отыр. Қызметке де, үйге де үлгеріп жүретін арулар өздерінің ұландықтардың қатарында екенін әркез мақтанышпен айтып жүреді.

Әлемді аузына қаратқан дарынды, дара әнші Димаш Құдайберген, сондай-ақ ел ішінде өз тыңдармандарын тапқан Мәдина Сәдуақасова, Ақерке Тәжібаева, Еділ Құсайынов секілді елге, әлемге танымал өнер жұлдыздарымен Италия сахнасында өнер көрсеткен «Di-Art Style» тобының арулары кіші сержант Жұлдыз Жабелова мен ефрейтор Айдана Жаңабаева қолымыздан келгенше қазақ өнеріне үлесімізді қосамыз деп отыр. Ендеше шығармашылықтарына сәттілік тілейміз!

Адам жанының емшісі

Ұлттық ұланда еңбек етіп жатқан әрбір әскери қызметші әйелдің өз орны бар. Олар ерлермен бірге қайыспай, әскердің жүгін көтерісіп келеді. Олар қызметтеріне адал, әрі оған аса жауапты қарайды. Нәзік те болса, ердің жүгін көтеріп жүрген Динара Достайқызы сияқты барша аруларға бас иеміз.

Данара БАЙМАҒАНБЕТОВА,
Алматы

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Динара Көлбаева Жамбыл облысының Мерке ауданында дүниеге келген. 1980 жылы ата-анасы Алматы облысына қоныс аударып, Динара Алматы іргесіндегі ауылдық мектептің табалдырығын аттап, осы жерде бойжетеді. Мектептен соң Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына оқуға түсіп, оны 1997 жылы орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығады. Кейіннен әскерде жүріп, психолог мамандығы бойынша екінші жоғары білімді 2005-2007 жылдары оқып шыққан. Динара 1997 жылы институттағы оқуын аяқтап, қолына диплом алған соң, бірден Ішкі әскерге қызметке алынған. Содан бері әскердің ыстық-суығына мойымай, талмай, Отанына адал қызмет атқарып келеді. Алғашында Динара Достайқызы штабта, тыл қызметінде түрлі лауазымдарда қызмет атқарды. 2007 жылдан бастап тәрбие саласына ауысып, 5571 – әскери бөлімінің психологы қызметін атқарып келеді. Өзінің психологияға қалай келгені туралы Динара Достайқызы былай дейді:

– Адам өзінің өмірдегі орнын тапқанша, көңілінен шығатын істі жасағанша, тыным таппай, ізденіс үстінде жүреді. Мені осындай ізденіс алға жетелеп, психологияға алып келді. Психолог – адам жанының емшісі. Ол алдына келген адамды тыңдай білуі, түсінуі керек, көмек беріп, тығырықтан шығар жолды көрсете алуы тиіс. Бұл мамандық өте қызықты, үнемі ізденіп, өз-өзіңді жетілдіріп отыруың керек, шығармашылық қабілетің болуы тиіс. Мен психолог болуды өте қызықты мамандық дер едім. Әр күн сайын түрлі адамдармен жұмыс істейсің, оның әрқайсысының мінез-құлқы әртүрлі болады, соның бәрінің тілін тауып, сөйлесе білуің керек. Менің міндетім – әскери қызметшілерге алдында тұрған түрлі мәселелерді жеңу үшін ерік-жігер беріп отыру, түрлі қиындықтарға мойымай, өз-өзіне сенімді болуға үйрету. Маған кейде әскери борышын өтеп, үйіне қайтқан сарбаздар телефон соғып, алғыстарын айтып жатады, хабарласып тұрады, осындай кезде жұмысымның зая кетпегенін түсінемін.

Капитан Д.Көлбаева бөліністерде моральдық-психологиялық ахуалдың дұрыс қалыптасуы үшін командирлерге көп көмек береді. Әр бөліністегі ұжымның қарым-қатынасын, көңіл күйін байқап, зерделеп отырады.

Ақпанның басында оңтүстіктегі Қордай ауданында ел іші дүрлігіп,

қақтығыс болған кезде, Ұлттық ұлан сарбаздары қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сол мекенге бірден аттанып кетті. Алматыдан кеш қарая қозғалған көліктер легіндегі жеке құрамның ішінде капитан Динара Көлбаева да бар еді. Ол кризистік жағдайда жауынгерлік қызмет атқару үшін ойланбастан ерлермен бірге иық тіресе жүрді. Сол бір қиын шақта Жамбыл облысының Қордай ауданындағы ауылдарда қызмет атқарып келді. Мұндай жағдайда психологтың көмегі аса қажет екенін қызметтегі тәжірибе көрсеткен. Сондықтан Динара өз міндетін жақсы түсініп, жеке құрамның алдына қойылған міндетті мінсіз атқаруы үшін психологиялық түзету, кеңес беру, психоэмоционалдық ретке келтіру жұмыстарын жүргізіп отырды. Әскери ұжымның жауынгерлік рухын көтерудегі психологтың рөлі зор екендігіне Қордайдағы қызмет тағы бір дәлел болды. Динара Достайқызының жеке құраммен жауынгерлік қызметке шыққаны бірінші емес, ол қашанда жеке құраммен бірге жүреді. Түрлі мәдени-бұқаралық, спорттық шараларда да сарбаздардың қасында, соның ішінде «Бейжің-2008», «Азиада-2011» сияқты ірі халықаралық шаралар да бар.

«Ақжайық полиция аруы-2020»

Шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай Батыс Қазақстан облысының Полиция департаментінде «Ақжайық полиция аруы-2020» конкурсы ұйымдастырылды.

Асылай ҒҰБАШЕВА,
БҚО

Сайысқа департамент аппаратынан, қалалық және аудандық бөліністерінің атынан 11 ару қатысып, бақтарын сынады. Қатысушылар сайыстың алғашқы бөлімінде өздерін таныстырып, мамандық таңдау себебі мен өмір жолдары туралы айтты, сондай-ақ, қызметтеріндегі қызықты, есте қаларлық сәттерімен бөлісті. Кейін қыздар шығармашылық өнерлерін ортаға салды. Сондай-ақ, олар Макаров тапаншасымен атудан мергендік қабілеттерін көрсетіп, салт-дәстүрге қатысты сауалдарға жауап берді. Үй тапсырмасы бойынша қазақтың ұлттық тағамдарын дайындап алып келу тапсырылған болса, сайыс соңында қазақ қыздарының әсем де ұлттық нақыштағы киім үлгілелері көрсетілді.

Сайысқа қатысушы аруларға әділ бағасын берген әділқазылар алқасы оларға жүлделі орындар мен аталымдарды (номинацияларды) бөліп берді. «Ақжайық полиция аруы-2020» конкурсының бас жүлдесі БҚО ПД Көші-қон қызметі басқармасының қызметкері, полиция сержанты Гаухар Телеубаеваға бұйырды. Жүлделі 2-орын Бәйтерек АПб Тб тергеушісі, полиция аға лейтенанты Раушан Айтмұхамбетоваға, жүлделі 3-орын Орал қ. ПБ Ақпараттық және байланыс бөлімінің инспекторы, полиция аға лейтенанты Айнұр Үмбетоваға берілді. Сондай-ақ, «Көрермен көзайымы» аталымы Мөлдір Нұрқаятоваға, «Мерген ару» аталымы Айгерім Махмудқа, «Тағамынан бал тамған аспаз ару» аталымы Лаура Ғаббасоваға, «Сымбатына жарасқан ұлттық киім» аталымы Айдана Әбдірахмановаға, «Қыз еркем – өнерімен көркем» аталымы Әсем Нұрланға, «Сөз шебері» аталымы Айдана Меңдібековаға, «Білімді ару» аталымы Жанар Ғабдуловаға берілсе, полиция кіші лейтенанты Наталья Борзикова «Әдебімен ерекшеленген ару» атауын иеленді.

– Бүгінде Батыс Қазақстан облысы Полиция департаментінде ер адамдармен иық тіресе қызмет атқарып жүрген әйел қызметкерлер аз емес. Нәзік жандылардің бірі тергеуші, анықтаушы қызметін атқарса, ал кейбірі жедел қызметкерлер, көше тәртібін, жол қозғалсын сақтауға ерекше ат салысып жүргендері рас. Десе де, қызметімен бірге отбасының ұйытқысы болып отырған нәзік жандыларға алғысымыз шексіз, – деді БҚО ПД бастығының орынбасары, полиция полковнигі Н.Рамазанов.

Қызмет пен сапта жүрген арулар үшін бірден мұндай сайысқа түсу оңай бола қойған жоқ. Десе де, сайысқа қатысушылардың сахнаға шығуы, сауалдарға жауап беруі, тәртіп сақшысына тән қасиеттің бірі – түрлі жағдайда өзін-өзі ұстауы өте жоғары деңгейде болды.

Салтанатты шара барысында БҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Махсудхан Аблазимов қатысушыларға жылы лебізін білдіріп, жеңімпаздар мен номинанттарды құттықтады. Сайыс жеңімпаздарына 100 мың, 75 мың және 50 мың теңге көлемінде ақша ұсынылса, номинация иегерлеріне гүл шоқтары, дипломдар мен бағалы сыйлықтар тарту етілді. Сондай-ақ, жуырда күдіктіні құрықтауда, өзі екіқабат бола тұра, қайсарлық танытқан Орал қ.ПБ Шаған Пб тергеушісі, полиция аға лейтенанты Шолпан Меденова (Серікова) Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының «Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін» төс белгісімен марапатталды.

Еске сала кетейік, ақпан айында Шолпан 6-шағынауданынан Зашаған кенті бағытындағы қалалық №22-ші автобус маршрутымен

жұмысына келе жатқан сәтінде автобустың салонынан тергеу органдарынан жалтарып жүрген, ҚР ҚК-нің 188-бабы бойынша 8 бөтеннің мүлкін ұрлау қылмысына қатысы бар күдіктіні байқап қалып, артынан ілесіп отырып, оны ұстап, Шаған Пб криминалдық полиция қызметкерлеріне тапсырған болатын. Қазіргі уақытта күдікті уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды, тергеу амалдары жүргізілуде.

Тәрбие – қажырлы қыздар қолында

Қылмыстық-атқару саласында жігерлерін жасынға жаныған қыз-келіншектер көп. Бас бостандығынан айрылғандарды қайта тәрбиелеу қажыр мен қайратты талап ететін жұмыс десек, қылмыстық-атқару саласында тәрбиелеу жұмысымен, негізінен қыз-келіншектер айналысады.

Дәулет ЕРҒАЛИЕВ,
Алматы

Ал, атқарған еңбектің жемісті болуы дұрыс іріктелген кадрға тікелей байланысты. Бұл жұмыстың да шебері – қыздар мен келіншектер. Осындай білікті де білімді арулар мен аналар топтасқан ортаның бірі – Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті. Көктем мерекесі қарсаңында Департамент басшылығы осындай қыз-келіншектер мен аналардың басын қосып, жүрекжарды тілектерін жаудырды.

Көңілді кешті аналар мен аруларды құттықтау сөзімен ашқан Департамент бастығы Дархан Қанатбеков ұжымдағы қыз-келіншектердің ерен еңбегін атап өтті. Сондай-ақ, қазақ тілінің жанашыры Асылы Осман апамыздың сөзі нағыз жүрекке жетіп, жанды тебіренткен сөз болды.

– Жер бетінде қазақ деген адал көңіл халыққа қарыздар адамның бірі менмін. Мен ешқашан «Барым да, базарым да қазақтың тілі» деген сөзді қайталаудан жалықпаймын. Өйткені, менің ұлтым әзірбайжан болғанымен, қазақтың қадірлі қызы болып жүргенім осы тілдің арқасы. Сендердің атқарып отырған жұмыстарың – еліміздегі ең жауапты жұмыс. Сол жауапты жұмыстың жауынгерлері қатарында ақжүрек аналар мен ай жүзді арулар да бар екен. Осы жолда ешқашан адалдықтың ақ жолынан таймай, жемісті еңбек ете беріңдер деген тілектемін, – деді Асылы Осман.

Мерекелік кеш соңында Департамент бастығы Д.Қанатбеков еңбекте үздік көрсеткіштерге жеткен қыз-келіншектерді марапаттап, алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

Полицей әйелдерді марапатталды

Жамбыл облысы Полиция департаменті 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай 130-ға жуық әйел-полицейді құттықтады. Мерекелік салтанатты марапаттау рәсіміне облыстық департамент аппаратының жеке құрамында қызмет ететін әйел полицейлер және ІІО әйел-ардагерлері арнайы шақыртылды.

Ержан ЕГЕМБЕРДИЕВ,
Жамбыл облысы

Департамент бастығының орынбасары, полиция полковнигі Руслан Құрымбаев шараны салтанатты түрде ашып, Ішкі істер министрінің нәзік жанды әріптестеріне арнаған құттықтауын жеткізді. Р.Құрымбаев өз құттықтауында текті де қайсар қазақ әйелдерінің ерлерден кем түспейтін ерлік әрекеттерін айтып, бүгінгі қоғамдағы нәзік жандылардың жауапты қызмет атқарып отырғанына тоқталды. Әсіресе, Ішкі істер органдарында ерлермен иық тіресе қызмет атқарып жүрген азаматшалардың темірдей төзіміне құрметін білдірді. Оларға мықты денсаулық, отбасыларына амандық және жұмыстарына сәттілік тіледі.

Шара барысындағы шенді аруларды марапаттау рәсімінде Ішкі істер министрінің бұйрығымен алты қызметкер марапатталса, сондай-ақ, Департамент бастығының бұйрығымен облыстық департамент аппаратының жеке құрамында қызмет ететін 130-ға жуық әйел қызметкерлер алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Атап айтсақ, ҚР ІІМ-нің бұйрығымен Меркі аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметінің ювеналдық полиция қызметін ұйымдастыру бойынша аға инспекторы, полиция майоры Д.Омарова «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен, Облыстық департаменті Арнайы және жұмылдыру дайындығы басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция подполковнигі С.Райымбекова «Құрмет грамотасымен», Тараз қалалық Полиция басқармасы ЖПҚ кәмелетке толмағандар ісі бойынша аға учаскелік инспекторы, полиция майоры Ш.Юсупова ІІ дәрежелі «ІІО үздігі» төсбелгісімен, Жуалы ауданы полиция бөлімі анықтау тобының анықтаушысы, полиция капитаны М.Орынбек ІІМ-нің грамотасымен марапатталса, Тараз қалалық Полиция басқармасы 2-полиция бөлімі Ақпарат және байланыс тобының инспекторы, полиция капитаны А.Алмерекова мен осы басқарманың криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты З.Егембердиеваға Алғыс жарияланды.

Сонымен қатар Жамбыл облысы Полиция департаменті бастығының бұйрығымен Жамбыл ауданы полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы, полиция капитаны Н.Жумкин, Талас ауданы полиция бөлімі Ақпарат және байланыс тобының аға инспекторы, полиция аға лейтенанты А.Ахатбекова, Байзақ ауданы полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы, полиция аға лейтенанты М.Өмірбековаға арнайы ПД қолсағаттары берілді. Бұдан бөлек ПД грамотасымен 25 және алғыс хатымен 88 әйел-қызметкер марапатталды.

Мерекелік іс-шараға сыйлы қонақ ретінде шақырылған доғарыстағы (отставкідегі) ІІО-ның әйел ардагерлеріне Департамент басшылығы ерекше құрмет көрсетіп, алғыс хаттар табыс етті.

Талапшыл басшы, аяулы ана

Әр мамандықтың өзіндік қызығы мен қиындығы қатар жүретіні белгілі. Олардың қай-қайсысын алсақ та, бірінші кезекте жауапкершілікті талап етеді. Ал жұмыстың ауырлығына қарамастан, ерлермен иық тіресе жұмыс жасайтын нәзік жандыларға құрмет қай кезде де ерекше.

Сәндібек ПІРЕНОВ,
Тараз

Осындай жауапкершілігі жоғары қызметтегі азаматшалардың бірі – Тараз қалалық полиция басқармасы Жедел басқару орталығының бастығы, полиция подполковнигі Әсем Мұхамеджанова.

Ол ішкі істер органдарындағы қызмет жолын 2002 жылдан Жамбыл облысы Ішкі істер басқармасы екінші полиция бөлімінің криминалдық ақпараттар және қадағалау тобының инспекторы лауазымынан бастаған. Әр жылдары ерекше тапсырмалар жөніндегі жедел уәкіл, инспектор лауазымында қызмет еткен.

Отбасы мен қызметіне қатар үлгерген нәзік жан үйінде аяулы ана, жұмыста жауапкершілігі мол басшы. Қызмет бабында адалдық пен еңбексүйгіштік, жауапкершілік қасиеттерімен ерекше көзге түскені үшін бірнеше рет ҚР Ішкі істер министрінің, Полиция департаменті бастығының алғыс хаттарымен марапатталған. Атап айтсақ, ҚР Ішкі істер министрлігінің «Қызметтік міндетін абыроймен атқарғаны үшін», «Қазақстан полициясына 20 жыл», «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін» ІІ және ІІІ дәрежелі төсбелгісімен, сондай-ақ ҚР Ішкі істер министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

– Біздің жұмыс тәртібіміз күн мен түнді таңдамайды. Әр кезде аса сақ болуды, қырағылықты, жеделдікті талап етеді. Сондықтан отбасында балаларға көңіл бөлінбей қалатын кездер болады. Осындай сәттерде жолдасым қолдау көрсетіп, әрдайым түсіністікпен қарайды. Менің қызметім мен отбасымдағы берекенің ең басты кілті – жолдасыммен арадағы сыйластық пен түсіністік деп есептеймін,–деген Әсем Біржанқызы қазіргі күніне ризашылығын білдірді. Себебі, оны түсінетін жолдасы мен балалары қасында әрі өзі таңдаған мамандықтың иесі атанып, жемісті еңбек жетіп жүр.

Ол басшылық ететін Жедел басқару орталығы күнделікті, тәулік бойына қылмыстық хабарламалардың бірінші келіп түсетін арнасы. Осы жерде тұрғындарды мазалаған кез келген құқық бұзушылық пен орын алған қылмыстық оқиғалар туралы мәліметтер «102» байланыс нөмірі арқылы тіркеліп, тиісті алғашқы алдын алу шараларын орындайтын жауапты қызметкерлердің бағыт-бағдары да ұйымдастырылады. Ал әрбір хабарламаның тіркеліп, назардан тыс қалмай орындалуын қадағалау басшының қатаң бақылауында болуы тиіс. Бұл тұрғыда Әсем Біржанқызы өз міндетін абыроймен атқарып келеді.

№19 (4569), жұма, 13.03.2020 e-mail: sakshy@mediaovd.kz

ТО ПД Түркістан ҚПБ-ның қызметкері Жәмилә НҰРЖІГІТОВА:

«Тәртіп сақшысы боламын деп мақсат қойдым»

Қазақ қыздары, қай салада болмасын, ерлермен қатар қызмет етіп келеді. Мәселен, күш пен ақылды теңдей қажет ететін құқық қорғау саласының қазанында қайнап, толық меңгеріп, биікке жеткендер де аз емес.



Айдана ҚАНАТБЕКҚЫЗЫ
Түркістан облысы

Сондай жанның бірі – полиция капитаны Жәмилә Нұржігітова құқық қорғау саласында 10 жылға жуық уақыт қызмет атқарып келеді. Айрандай ұйыған қара шаңырақта бүгінде үш баланы тәрбиелеп отырған ана. Төртіншісіне аяғы ауыр. Мереке қарсаңында сіздерге түркістандық полицей арумен болған сұхбатты ұсынамыз.

– Көктем мерекеңізбен! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілей отырып, өзіңізбен әңгіме өрбітсек. Жоғарыда сіздің көпбалалы ана қатарына қосылайын деп отырғаныңызды айтып өттім. Енді өзіңіз отбасыңыз жайлы толығырақ айтып берсеңіз.

– Рахмет, айтқаныңыз келсін. Иә, жұбайым екеуміздің таныстығымыздан бастасам. Ойламаған жерден бәрі қызық болды өзі. Күйеуім Абдуғани Жүсіпбаев екеуміз кездейсоқ таныстық. Ішкі істер саласына жұмысқа тұрғаныма 5 ай болған уақытта тісім ауырды. Содан Түркістан қаласына емдетуге келдім. Сол кезде тісімді емдеген тіс дәрігері – қазір балаларымның әкесі. Ауырған тісімді емдеген жігіт жүрегімді жаулады. Сол кезден басталған таныстық үш рет кездесуге ұласып, екеуміз де тез шешім қабылдап, шаңырақ көтердік. Үлкен қара шаңыраққа келін болып түстім. Содан бері 10 жылға жуықтапты, үлкендердің батасын алып, тату-тәтті ғұмыр кешудеміз. Бүгінде үлкен қызымыз Кәусар – тоғызда, ортаншы қызымыз Аиша – алтыда, ал кіші ұлымыз Омар – төрт жаста. Бірер айдан соң көп балалы ана болуға дайындалып жүрмін. Бала тәрбиесінде адалдық, бірсөздділік, адамгершілік секілді қасиеттерге баса назар аударамын. Ұлымды халықтың мақтанышы, өз Отанының патриоты ретінде тәрбиелесем, қыздарымды ақылына көркі сай болатын ару етуге барымды салудамын. Әрдайым отбасылық өмірде де, қызметте де, бала тәрбиесінде де қолдаушым – асыл жарым Абдуғани екенін атап өткім келеді.

– Ерін сыйлаған әйелдің бағы жанары сөзсіз. Сіздің бұл әрекетіңіз басқа да қыз-келіншектерге үлгі болсын. Енді, өзіңізді өсіріп баптаған, қанатыңызды қатайтып, осы әлемде өзіндік орныңызды алуға бағыт-бағдар көрсеткен ата-анаңызды сөзге қоссақ.

– Әрине, бәріміз де ата-анадан тарадық. Солардың берген тәлім-тәрбиесімен өсіп-өніп, іздерін жалғап келеміз. Мен мұғалімдер отбасында дүниеге келгенмін. Әкем – Мыңжан Нұржігітов Келінтөбе ауылының №192 орта мектебінде 18 жыл бойы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарған, қазіргі таңда социолог. Анам – Ләззат Шауенова мектепте психолог болып қызмет атқарады. Жалпы, ата-анам үш қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірген. Мен екінші перзентімін. Өзіңіз білетіндей, мұғалімнің қызы болу үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Мектепте ата-анамыздың атына кір келмесін деп өстік. Одан бөлек болашақ білімдінің қолында деп, білім нәрімен сусындап, озаттардың қатарында болдым деп айта аламын. Бәрі де әкем мен анамның арқасы.

– Мектеп кезіңізді айтып қалдыңыз. Осы тұста өзіңіз жайлы айтсаңыз. Қай өңірдің тумасысыз? Қандай мектеп, қандай оқу орнын аяқтадыңыз?

– Мен Сыр елі – жыр елінің тумасымын. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Келінтөбе ауылында 1990 жылы маусым айының 17-сі күні дүниеге келгенмін. 1997 жылы Жаңақорған ауданы Келінтөбе ауылындағы №192 орта мектепке барып, 1-сынып табалдырығын аттадым. 2008 жылы 11-сыныпты аяқтап, осы жылы қыркүйек айында ҚР ІІМ Ақтөбе «Заң» колледжіне оқуға түстім. Мұнда да қоғамдық іс-шараларға белсенді қатыстым, өз мамандығымды сүйіп оқыдым. Осылайша 2010 жылы қызыл дипломға бітіріп, лейтенант шенін алып шықтым.

– Сөзіңізге қарап, алға қойған мақсатына жетпей қоймайтын батыл қызды көріп тұрмын. Жалпы, полицей болуды бала кезден армандаған секілдісіз. Бұл салаға қалай келдіңіз?

– Дұрыс айтасыз, бала кезімде Ішкі істер органының қызметкері, форма киіп адал және әділ полиция болуды армандағанмын. Аллаға шүкір, сол армандаған арманым қазіргі таңда орындалғанына қуаныштымын. Нағашы атам Асетулла Пазылов ІІО қызметкері болған. Сол кісіден дарыған болар. Осы салаға бала кезден аңсарым ауып, ел қорғайтын, тыныштықты сақтайтын тәртіп сақшы боламын деп мақсат қойдым.

– Ал ішкі істер саласындағы алғашқы еңбек жолыңыз қалай басталды?

– 2010 жылы оқуды бітіріп, шілде айында Қызылорда облысы ІІД-нің Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, оңалту орталығының инспекторы лауазымына тағайындалдым. 2011 жылы қаңтар айында Қызылорда облысы ІІД Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, оңалту орталығының инспекторы лауазымының қысқаруына байланысты Қызылорда облысы Қармақшы аудандық ІІБ-нің ӘПБ учаскелік полиция инспекторының көмекшісі лауазымына тағайындалдым. Содан 2014 жылдың қыркүйек айында отбасылық жағдайға байланысты ОҚО Түркістан қалалық ішкі істер басқармасының ӘПБ-нің Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторы лауазымына тағайындалдым. 2018 жылдың наурыз айынан бері Түркістан қалалық полиция басқармасының Штаб бөлімшесінің Есепке алу тіркеу тәртібінің инспекторы болып бекітілді. Қазіргі таңда осы аталған қызметтемін.

– Полицей болу, түрлі құқық бұзушылармен күресіп, алдын алуда күні-түні аянбай еңбек ету, меніңше, өте қиын іс. Сіз үшін ше? Өзіңізге ұқсап, қыздарыңыз полицей болам десе қарсы болмайсыз ба?

– Қызметтің қиындығы нәзік жандылардың бұл саланы таңдауына кедергі емес деп ойлаймын. Керісінше, олар ерлермен бірге қару алып, еңбек етіп, жоғары жетістіктерге жетуде. Күйеуім қолдап тұрғанда, мен үшін қиындық жоқ. Жанымды түсінетін, үйден ерте кетіп, кешігіп келіп жатсам да, сүйіп қалаған мамандығымды сыйлай білген азаматым барда, мен алмайтын қамал жоқ. Ал, қыздарыма келсем, олар: «Мама, жұмысыңыз қиын ғой, біз әкеме ұқсап дәрігер боламыз», – дейді қазірден. Соған қарағанда қыздарым полицей болмайды-ау.

– Балалы үйде ұрлық жатпайды ғой. Шынында да, қыздарыңыз сіздің ертелі-кеш жұмыста болатыныңызға қарап, саналарында осындай ой қалыптасқан болар. Дегенмен, арасында бос уақытыңыз болып қалады. Сонда көбіне немен айналысасыз?

– Бос уақытым бола қалса, балапандарыма тәтті тағамдар әзірлеймін. Спортпен шұғылданамын. Пайдалы әрекеттер жасауға тырысамын. Отбасыма көңіл бөліп, үлгілі ана болуға тырысамын.

– Рахмет, ашық сұхбатыңызға, аман-есен балапаныңызды бауырыңызға басып, көбейе беріңіздер деп тілеймін. Әрдайым көктемнің күніндей жүзіңіз жарқырап жүре берсін. Отбасыңызбен бірге қиын саланы қатар алып жүрген сізге сарқылмас күш-қайрат тілейміз.

Әлеуметтік желі неге «жарылды»?

Міне, көктем мезгілі де келіп жетті. Ал астанада әлі қысқы қарбалас. Қар тазалау бағытындағы қызған еңбекті солтүстік аймақтағы біраз өңірлерден нақты байқауға болады. Жол жиегінен жиі көретін арнайы техникалармен қар тиеп, қала сыртына қарай ағылған жүк көліктерінің қарасы әлі де азаймай тұр.

Бауыржан БЕРІКҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан

Көрмейік десек, көзіміз бар. Соңғы жауған қар әлі түгел шығарылған жоқ. Жол жиектері қардан тау-тау болып жатыр. Қаланың қысқы тіршілігіне жауапты мекемелер күні-түні жұмыс істеуде. Жылдағы істеп жүрген жұмыстары болса да, олардың біраз абдырағаны байқалды. Жылда осы уақытта тілмен сыпырғандай тап-таза болып жататын Есілдің қос жағалауы тау-тау болып үйілген қардан «көз аша алмай» қалды. Елорда іргесіндегі кенттерден үлкендер жұмысқа, қала ішінен балалар сабаққа жете алмай қиналды.

Биыл бүкіл қыста боран болғаны кейінгі күндері ғана ғой?! Бірақ елорда үйілген қардан әлі толық арылған жоқ. Тазартылмаған жолдар мен әр жерде үйіліп жатқан қардың кесірінен қалада жолкөлік оқиғалары да жиілеп кетті. Бұл жол-патрульдік полиция қызметкерлерінің де жұмыстарын еселеп отыр.

Қала әкімдігі қармен күрес қарқынды жүріп жатқанын айтады. Коммуналдық қызметтердің әрекетсіздігі туралы мәліметтер жүз пайыз шындыққа жанаспайды, тек жауапты кәсіпорындардың күші жетпей жатыр. Қала әкімдігінің мәліметіне қарағанда, биылғы қыста өткен жылғы қысқа қарағанда 575 324 текше метр қар көбірек шығарылған.

Сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов:

– Нақты айтсақ, балабақша, мектеп және оқу орындарының дәрісін тоқтаттық. Өйткені, қалада жүріс қиындап кетті. 100-ге жуық көлік апаты тіркелді, – деді журналистерге берген сұхбатында. Ал астана тізгінін ұстаған Иманғали Тасмағамбетов, Әділбек Жақсыбеков, Әсет Исекешов, Бақыт Сұлтановтардың кезінде айналдырған жарты ай ішінде осынша көлік қақтығысып-соқтығысып па еді?! Әрине, жоқ.

Әр жерде жатқан «тау» туралы әлеуметтік желілерде қызу талқылануда. Жұрт әкімге наразылық танытуда. Мысалы, бас қала шетінде қар құрсауында қалған өрт сөндірушілердің «тілсіз жаумен» емес, қыстың қаһарымен күресуге мәжбүр болып жатқаны бейнеленген бейнебаян таралуда.

– Астана маңынан жаңалықты жеткізгім келеді. Қосшыда үй өртенді. Бірінші өрт сөндіруші машина қалың қарға малтығып тұрып қалды. Өйткені, жолдар тазартылмайды. Екінші машина түн ішінде әрлі-берлі сандалды, себебі хабар түскен мекенжайды таба алмаған. Нұр-Сұлтанда не жол нұсқағыштар, не ғимараттарды дені дұрыс нөмірлеу жоқ, – деп жазды Facebook желісінде елорда тұрғыны Марат Сыдықов.

Ал Қосшы тұрғыны Гуля Валиева өртті қожайыны мен көршілер өз күштерімен сөндіргенін, ал соңынан жеткен өрт сөндіру машинасын бір жарым сағат бойы сол жерде де қар құрдымынан құтқарып, қала жаққа шығарып салуға тура келгенін баяндады.

Келесі мәселе – көктемде қаланы қар суы басып қалуы мүмкін. Әсте, бұл біз ашып отырған жаңалық емес. Жылдар көрсеткен тәжірибе. Оның үстіне биылғы қар жылдағыдан көп. Енді міне, күн жылып, қар еріп, оның арты алапат су тасқынына ұласқалы тұр. А.Көлгінов бұл жолы елорда тұрғындарын тасқынға тосқын қоя алатын әлеуеті бар екеніне сендіргісі келеді. Оны уақытында көрерміз.

Елордадағы Көктал кентін су басып кетпес үшін Есіл өзенінің арнасы кеңейтіліп жатыр. Үйлер мен көшелерді судан сақтандыру мақсатында тасқынға қарсы іс-шаралар белсенді жүргізілуде. Атап айтсақ, арық-науа, нөсер канализациясы желілерін тазарту жұмыстары, су реттегіш плотинаны салу, сондай-ақ өзен арнасын кеңейту шаралары жүзеге асырылуда. Қарасаңыз, бүйтіп жатырмыз, сөйтіп отырмыз. Елорда әкімінің орынбасары Нұрлан Нұркеновтің айтуынша, көктемде су тасқынынан қауіп болмауы үшін Есіл өзенінің арнасын кеңейту жұмыстары мерзімінен бұрын басталған екен.

– «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығына дейінгі аумақ – су басу қаупі жоғары аудан. Осыған орай, Есіл өзенінің арнасын кеңейту жұмыстарын ерте бастадық. Орталық аумағында арнаны түзетеміз. Қазір өзеннің табиғи арнасы ғимаратқа жақын жермен өтеді. Арнаны түзету Есілдің суын жаңа арнамен ағуға мүмкіндік туғызып, Көктал тұрғын алабындағы жекеменшік сектордың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, – деп түсіндірді Н.Нұркенов.

Ол, сондай-ақ қазіргі кезде тасқын судан қорғайтын үйілген бөгетті қалпына келтіру жұмыстарының қызу жүргізіліп жатқанын хабарлады. Оның айтуынша, наурыз айының соңына дейін өзеннің арнасы түзетіліп, сәуір айында жиналатын су жаңа арнамен ағады. Құрылыс жүріп жатқан жерге 20 бірлік арнайы техника жұмылдырылған.

«Жаман айтпай, жақсы жоқ» деген сөз бар. Ертең қызыл су жүрер кезде аяқ астынан тағы да сол «техника мен жұмысшылар күші жетіспей жатыр» деген сылтау алдымыздан шыға келмей ме? Өйткені, әлден «қаладан шығарылған қар барлық полигонға толып қалды» деп отырған әкім оның еріген сәтіне де ие бола алмай қалуы бек мүмкін.

Жә, көнбіс халық емеспіз бе, ғайыптан тайып ертеңгі күні көшелеріміз көлге айналса, қайық мінип жүретін шығармыз дейді бір ойымыз. Сосын әлеуметтік желіні және тағы «жарармыз». Желідегілерге жауаптыларды «жазалайтын» жаңа жол жоқ өйткені. Жанайқайымызды сол жерде ғана жеткізе алатынымыз бесенеден белгілі. Әкімдіктің алдына шағым айтып жүгірерміз. «Қарға қарғаның көзін шұқымайды» деген мәтелге жүгінерміз.

Басқалай түсініп жүрмеңіз, бас қаламыз ғой, Нұр-Сұлтанға сөз келмесе, нұр үстіне нұр емес пе?! Сондықтан да, «Сақ болсаң, тоқ боласың» деген сөзді әсіресе шенділер жадынан шығармаса екен деген жанашырлықтан туған лепес біздікі. Әрқашан да халық үніне құлақ асатын, айналайын, үкімет аман болсын.

Құттықтау

Құрметті Манап Уахитұлы!

Сізді Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің атынан өміріңіздегі айтулы оқиға – 80 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді сексеннің сеңгіріне де алып жетіпті. Ауыртпалығы мен жақсылығы қатар жүретін өмір өрісінде ішкі істер органдарында абыроймен қызмет атқардыңыз. Ішкі істер органдарындағы көп жылғы еңбек жолыңызда Сіз тапсырылған іске деген зор жауапкершілігіңізбен, берілген тапсырманы орындаудағы еңбексүйгіштік және өзіңізге де, өзгеге де талап қойғыштық қасиетіңізбен ерекшелендіңіз. Сізді көңілі дархан, жаны таза, айналасындағы адамдарға әкедей қамқоршы жан ретінде де жақсы білеміз.

Сіз өміріңіздің 35 жылдан астам уақытын Ішкі істер органдарындағы қиын қызметке арнадыңыз, қатардағы милиционер лауазымынан Басқарма бастығы лауазымына дейін көтерілдіңіз, оның ішінде Күзет қызметін ұзақ жылдар бойы лайықты басқардыңыз.

Ішкі істер министрлігі Сіздің ерен еңбегіңізді жоғары бағалады. Сіз «Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық кеңесі Президиумының» қаулысымен «ІІМ-нің құрметті ардагері» омырау белгісімен марапатталдыңыз, сондай-ақ Сізге милиция полковнигі жоғары атағы берілді. Бүгінде сол еңбегіңіздің жемісін көріп отырсыз.

Құрметті Манап Уахитұлы! 80 жасқа толған мерейтойыңыз күні Сізге және отбасы мүшелеріңізге зор денсаулық, құт-береке, ырыс-несібе тілеймін!

ҚР ІІМ МКҚБ-ның бастығы, полиция полковнигі Дархан МОЛДАХАНОВ

Спорттық сауалнама жүргізілді

Қазақстандықтар спортпен денсаулықтарын сақтап, рахаттану үшін шұғылданады. «Талап.Сауалнамалар» бойынша сұралғандардың жартысынан астамы осылай жауап берді.

Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ
Нұр-Сұлтан

Анкетаның «Сіз үшін спортпен шұғылдану – бұл, ең алдымен...» сұрағы нұсқаларын таңдағандардың 39,4%-ы «Денсаулық» деп жауап берсе, 22,1% қазақстандықтар спортты рахаттану деп түсінеді.

13,8% спортпен шұғылдануды «әдемі дене бітімі»-мен, ал 1,3% «өзін-өзі таныту»-мен байланыстырады. Спортты «табыс табу мүмкіндігі» деп тек 0,6%-ы ғана қарастырса, 1,3%-ы «жағдай, әлеуметтік мәртебе» деп көреді.

Дегенмен, анкета сұрақтарына жауап бергендердің көпшілігі, 19,8%-ы спортпен немесе шұғылданбайды, немесе «сирек шұғылданады», ал 35% үшін жаттығу жасау қалай болса, солай (яғни ұяты оянған кезде) жүреді. Ал қалған 21,3% аптасына 3 рет тұрақты түрде жаттығу жасап тұрса, тек 1,7% күн сайын жаттығады.

Сауалнама қатысушылардың жартысына жуығы үйде өз бетінше және 46.7% көшеде және 50,3% мұны тегін жасайды. Спортзалдарға қазақстандықтардың 35%-ы 5 мыңнан (9,7%) 10 мың теңгеге (10,7%) дейін қаржы шығындап барады. Жауап бергендердің тек 0,5% спортпен шұғылдануға жұмсалатын шығындарының ай сайын 30 мыңнан 40 мың теңге дейін жететінін көрсетті.

Сауалнамаға қатысушылар спорттағы таңдау ретінде көбінесе «таңғы және кешкі жаттығуларды, гимнастиканы» – 26,5% және спорттық ойындарды (футбол, волейбол, баскетбол, теннис және өзгелері – жауап бергендердің 20,2%-ы) атап көрсеткен. Денсаулықпен немесе сыртқы дене бітімімен тікелей байланысы бар спорт түрлерін, бәрін қоса есептегенде, (фитнес-зал, жаттығу залы, шейпинг, биді – 10,1%, жүзу, жүгіру, велоспорт, спорттық жаяу жүріс және кардиожүктеменің барлық түрлерін – 9,7%, йога, фитнес, денені созу, пилатесті – 3,4%) қазақстандықтардың 23,2% – ы таңдайды.

Сауалнаманың нәтижесіне жүгінер болсақ, сауалнамаға қатысушылардың спортпен шұғылданбау себептерін екі топқа бөлуге болады. Біріншісі – уақыттың жоқтығы (17,2%), ниеттің жоқтығы (2,7%) және жалқаулық (7,7%). Екіншісі – материалдық жағдаймен байланысты. Ақшаның жоқтығын 6,9% басты себеп ретінде атаса, 18,3% спортзалдардың өздеріне қолайсыз жерде орналасқандығы (10,3%) немесе қолжетімді спорттық секциялардың, сабақтардың (8%) жоқтығы кедергі келтіретінін айтқан. Салыстырмалы түрде алғанда азаматтардың әжептәуір көлемі (8,4%) «неден бастау керегін және немен шұғылдануды білмейді».

Айта кеткен жөн, ресми мәлімет бойынша елімізде 600 мың шаршы метр көлемінде спорттық орынжайлар жетіспейді. Бұл дерек 24 ақпанда парламентте Қазақстанда бұқаралық спортты қолдау жөніндегі шараларға арналған үкімет сағатында айтылған болатын. Мәжілістің вице-спикері Гүлмира Исимбаева атап өткендей, мектеп жасындағы балалардың тек 59% және университет студенттерінің 31% дене тәрбиесімен шұғылданады. Осыған қатысты Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова 2021 жылдың соңына қарай 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынатынын мәлімдеді. Құрылысты қаржыландыру көзінің бірі ретінде «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы қарастырылып отыр.

«Спорт жөнінде бірнеше сұрақ» атты сауалнама 2020 жылғы 26-28 ақпанда жүргізілген болатын. Сауалнамаға 196 адам қатысты.

Командалық рух – жетістік негізі

Жарыс – бұл әрқашан да қызықты оқиға. Жарысқа жеке қатысу бір бөлек, ал командамен қатысу ерекше әсер береді. Кез-келген командалық ойындарда, мейлі ол баскетбол, хоккей, футбол немесе волейбол болсын, біртұтас механизм ретінде жұмыс істеуі қажет.

Руслан ҚҰТЫМБАЕВ,
Қостанай облысы

Таяуда Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының спорт кешенінде дәл осындай қызықты тартыс ойындарына куә болдық.

Осы жерде шағын футбол және арқан тарту ойындары бойынша ІІО қызметкерлері арасында жарыс ұйымдастырылып, алты бірдей команда өзара бақ сынасты. Олар – Қостанай облысы ПД, Солтүстік Қазақстан облысының ПД, Ақмола облысы ПД, жол қозғалысы қызметі ПД және Академия қызметкерлерінен құралған құрама командасы.

Жарыстың құрметті қонағы ретінде полиция полковнигі Қайрат Дүйсенбеков қатысты. Академия бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ербол Қаппасов құттықтау сөзімен бастап, ойыншыларға сәттілік тілеп, жарысты ашық деп жариялады.

Жоғары дәрежеде ұйымдастырылған бұл шара екі түрлі сайысты қамтыды. Тартысты тамашалаған көрермендер де өз командаларының нағыз жанкүйерлері екенін көрсетті.

Алғашқы сайыс футбол ойыны барысында Академия қызметкерлерінен құралған құрама командасы алға суырылып шығып, бірінші орынды қанжығаларына байлады. Тұғырдың екінші сатысына көтерілген Солтүстік Қазақстан облысы ПД екінші орынды иеленді, бар күшін салып Көліктегі ІІО ПД үшінші болып жеңіске жетті.

Жарыстың ең қызықты және мықты сайысы арқан тартысына да кезек келіп, командалар арасындағы тартыс қызу өтті. Сайыс барысында көліктегі ІІО ПД және Ақмола облысының ПД командалары жүлделі бірінші орынға күш сынасты. Нәтижесінде ІІО көліктегі ПД командасы жеңіске жетіп, бірінші орынды иеленсе ал екінші орынға Ақмола облысы бойынша ПД командасы табан тіреп, Солтүстік Қазақстан облысының ПД командасы тұғырдың үшінші сатысынан көрінді.

Бұл жарыс өз мәресіне жетіп, көрермендер мен қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй мен жағымды әсер қалдырды.

Ел үшін еңбек еткен ерлер ізімен

2020 жылдың наурыз айының 8-ші жұлдызында Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қабырғасында Шырақбек Қабылбаевтың 112 жылдығына арналған белбеу күресінен ашық облыстық іріктеу турнирі өткізілді.

Руслан ҚҰТЫМБАЕВ,
Қостанай облысы

Жарысымызға аймағымыздың әр жерінен білекті де жүректі спортшылар жиналып боз кілем бәсекесінің озық деңгейін көрсетіп, көрермендер ықыласына бөленді. Бұл жарысымыздың басты мақсаты – елі үшін еңбек еткен Ш.Қабылбаев сынды батыр бабаларымыздың бойындағы өр рух пен елге деген сүйіспеншілікті болашақ жастарымызға дәріптей отырып, саламатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Осындай жарыстарымыз жастардың бойындағы ер жігітке тән ерік-жігерді қалыптастырып, спортшыларымыздың арасындағы достық қарым-қатынасты нығайта түспек. Алайда сайыс болғасын оза шабар жүйрік те дараланды қажет. Жеңіс те, жеңіліс те қатар жүретіні белгілі болғандықтан, бұл жарыста біздің академия палуандары да аянбай тер төгіп, құрмет тұғырының биігінен көрінді.

Бұл жарысымыздың жеңімпаздары мен жүлдегерлері 2020 жылдың сәуір айында Шымкент қаласында өтетін жастар арасындағы ел чемпионатында аймағымыздың абыройы мен мақтанышы боламақ, дәлірек айтсақ, бүгінгі жарысымыздың жеңімпаздары мен жүлдегерлері:

2-курс курсанттары – 57 келі салмақ дәрежесіндегі Бейбарыс Абу, 62 келі салмақ дәрежесіндегі Нұржан Жұмабеков, 68 келі салмақ дәрежесіндегі Ернұр Майилкан, 75 келі салмақ дәрежесіндегі Бекзат Олжабай және 3 курс курсанттары – 82 келі салмақ дәрежесіндегі Рахат Сейтмахамбет, 100 келі салмақ дәрежесіндегі Нұрдәулет Ерқасымов жеңімпаз атанып, 1-орынды қанжығаларына байлады.

3-курс курсанттары – 57 келі салмақ дәрежесіндегі Бекзат Жанбуршинов және 62 келі салмақ дәрежесіндегі Ғасырбек Бәшір те аянбай тер төгіп, тұғырымыздың 2-орнынан көрінді.

Хабарландыру

Ішкі істер органдарына қатардағы және басшы құрамына жұмысқа шақырамыз.

Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің артықшылықтары:

– жұмыс берушінің есебінен алғашқы оқыту және біліктілікті арттыру;

– қызмет өтіліне және арнаулы атағына байланысты лауазымдық жалақының артуымен тұрақты және уақтылы жалақы;

– сауықтыруға арналған жәрдемақы, мансаптық өсу;

– ведомстволық емдеу мекемелерінде тегін медициналық қызмет көрсету;

– арнаулы атағына байланысты 48 жастан бастап зейнетке шығу (ішкі істер органдарында кемінде 12 жыл 6 ай үздіксіз қызмет өткеру кезінде).

Талаптар: жасы 35-тен аспаған, бойы кемінде 170 см., білімі орта (қатардағы құрамның лауазымына) және жоғары (қызмет бағытына байланысты басшы құрамның лауазымына), Мемлекеттік қызмет істері агенттігі уәкілетті органы беретін тестілеуден өту туралы сертификаттың бар болуы, денсауық жағдайы бойынша жарамдылығы (әскери-дәрігерлік комиссиясы анықтайды).

Толық ақпаратты алу үшін: 87172716074, 87172716263, 87172716604, 87172716704, 87172716572, 87172716215, 87172716288, 87172716264, 87172716296, 87172716269, 87172716094, факс: 87172716333. E-mail: astana.ukr@mvd.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша жүгіну қажет.

Теріскейлік «шабандоз»

СҚО-да құқық қорғау органдарындағы нәзік жандылар арасында өткен шаңғыдан жарыста полиция аға лейтенанты жеңімпаз атанды.

Галина СКОРЫХ,
Солтүстік Қазақстан облысы

Таяуда құқық қорғау органдарында қызмет ететін қыз-келіншектер арасында өткен шаңғыдан жарыста полиция аға лейтенанты Лидия Логинова жеңіске жетті. Осылайша ол СҚО Полиция департаментінің командасына ұпай санын қосты. Команда құрамында Лидиядан басқа тағы үш жігіт болды. «Динамо» дене шынықтыру спорт қоғамының 95 жылдығына арналған қысқы спартакиаданың шымылдығын шаңғыдан өткен жарыс ашты.

Жалпы, 16 команда қатысты. Қыздарға 3 шақырым қашықтықты жүріп өту қажет болды. Лидия Логинова бақталасын 2 минутқа артқа тастап, мәре сызығына 4 минут 12 секундта жетті. СҚО ПД Арнайы және жұмылдыру даярлығы басқармасының 27 жасар қызметкерінің бұл алғашқы жеңісі емес. Былтыр Қазақстанның құқық қорғау органдары арасында өткен жарыста жеңіске жетіп, қысқы көпсайыстан спорт шеберлігіне үміткер атанды. Спортпен ол 7 жасынан айналысып келеді. 20 жылдың ішінде акробатикадан, коньки спортынан, шаңғы жарыстарынан жүлделері аз емес.

6637 әскери бөлімі командасындағы Оксана Бордай екінші болып мәре сызығына жетті. Үштікті ҚР Ұлттық ұланы Әскери институтынан Анар Ештаева тұйықтады. Ерлер арасында қашықтықты 4 минут 30 секундта жүріп өтіп, Олег Гурский жеңіске жетті. Ол өзінің былтырғы жеңісін қайталады. Екінші орынды Ұлттық ұлан Әскери институтынан бірнеше мәрте жеңіске жеткен, спорт шеберінен үміткер Бақытжан Жангулин иеленсе, үшінші орынға ҚР ҰҰ Әскери институты дене шынықтыру ұжымының өкілі, ҚР спорт шебері Мақсат Нүсіпов иеленді.

Жалпы командалық есепте ҚР ҰҰ Әскери институтының командасы жүлделі бірінші орынға, екінші орынды облыстық Полиция департаментінің қызметкерлері бағындырды және үшінші орын 6637 әскери бөлімінің шаңғышыларына бұйырды. «Динамо» ДШСҚ Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Тұғынбаев барлық жеңімпаздарды жеңістерімен құттықтап, кубоктар мен сыйлықтар тарту етті. Спартакиада бағдарламасындағы келесі спорт түрі – волейболдан жарыс 17-18 наурыз күндері өтеді.

Ағзаға пайдалы кеңестер

Бойыңызды жайлаған дерттен арылудың көптеген жолдары бар. Бірі дәрі ішуді қарастырса, енді бірі емдік шөптермен емделуді жөн санайды. Ал, кейбірі күнделікті тұрмыстық заттарды қолдану арқылы өзіне емшара жасайды. Ал oinet.kz басылымы денсаулықты, бет терісін және ағзаны күтудің ең тиімді жолдарын ұсынған екен.

Тіс щеткасы беттегі қара дақтардан арылуға көмектеседі:

Жұмсақ тіс щеткасы мен тіс пастасын пайдалану арқылы қара дақтардан оңай құтыла аласыз. Бетіңіздегі проблемалық аймақтарға щеткамен аздап тіс пастасын жағыңыз. Бұл әдіс өз нәтижесін беруі үшін сіз жай ғана тіс пастасын қолданбаңыз. Ол үшін шалфей, түймедақ және қалақай сынды дәрілік өсімдіктер қажет.

Бас сақинасы ауруын емдеудің қарапайым әдісі:

Егер сіздің басыңыз қатты ауырып, қолыңызда дәрі-дәрмек болмаса, мұз бен ыстық су қолданыңыз. Аяғыңызды ыстық суға салып, басыңызға мұзды қойыңыз. Сол сәтте температураның айырмашылығы байқалады. Ағзадағы қысымды реттеп, қан айналымын жақсартады. Бастысы ауырсынуды басады.

Мұрынның бітелуіне қарсы:

Егер тұмау тиіп, мұрныңыз бітелсе тіліңізді аспанға қаратып, саусағыңызбен қастарыңыздың арасындағы нүктені басыңыз. Бұл әрекетті бірнеше рет қайталасаңыз, демалу оңайырақ болады.

Әбден шаршап, қажыған аяқтарға не істеу керек:

Аяқтың шаршап, ісінуі ыстық ауа райына да байланысты. Шаршауды жеңілдетіп, ісінуді азайту үшін аяғыңызды мұзды сумен уқалаңыз. Кішкене бөтелкеге су толтырып, аяғыңыздың астына қойыңыз да әрі-бері қозғалтыңыз. Сол сәтте аяғыңыз салқын судың арқасында демалады.

Тіс ауруын қалай жеңілдетуге болады:

Тісіңіз ауырып, мазасызданып жүрсеңіз – спирт сізге жәрдемге келеді. Мақтаға спиртті қойып, ауырған тістің жанында сақтаңыз. Спирт зардап шеккен аймақтарды микробтардан тазартады. Аспирин дәрісін қолдану тіс ауруын жеңілдетуге арналған ең жақсы әдіс.

Темекіні қалай тастауға болады:

Монша қабылдау денені темекі шегуден кейін тез қалпына келтіріп, шылым шегуді доғаруға көмектеседі. Темекі шеккеннен кейін үш күн ішінде моншаға барыңыз. Ол денеңізді никотиннен арылтып, өкпеңізді тазартуға көмектеседі. Таза организм темекіні қайта қабылдауға қарсы тұрады.

Егер тамағыңыз ауырса, зефир жеңіз:

Тәттілер, мармеладтар тамағыңызды ауыртып, жұтқыншағыңызды қыздырады. Егер тамағыңыз жыбырлап, тітіркену байқалса зефир жеңіз. Сонда ғана ауырсыну басылып, өзге тағамдарды жұту оңай болады.

Тамағыңыз жыбырласа:

Егер тамағыңыз жыбырлап, тынным бермей қойса жұтқыншақ жолын тырнап, құлағыңызды уқалаңыз. Құлақ сүйектерінде орналасқан жүйке ұштары, тамағыңыз қызғандағы ауыртпалықты жеңілдетеді.

Су мен лимонды аралыстырып ішіңіз:

Мұнда бәрі қарапайым: кішкене ыдыстағы лимон шырынына қант пен мұзды араластырып, тоңазытқышқа салыңыз. Күн сайын таңыңызды осы сусынды ішумен бастаңыз. Себебі, оның құрамында мол дәрумен бар. Ол ұйқыңызды ашып, күніңізді керемет бастауға көмектеседі. Алайда, лимон шырынының тіс кіреукесіне зиянды екенін ұмытпаңыз. Сондықтан, тіске зиян тигізбес үшін мұқият сүйылтып, араластырыңыз. Сондай-ақ, лимонның тағы бір қасиеті артық салмақтан арылтады. Лимон мен тұз – ағзадағы токсиндерді шығарып, қосымша салмақтан арылуға көмектесетін сиқырлы қоспалар. Лимон мен тұз араласқан сусынды ішу ішектің қозғалысын арттырып, тәбетті жақсартады. Тамақтағы артық калорияны сездірмейді. Зерттеулер бұл қоспаның зат алмасудың жеделдететіндігін растайды. Ұлттық денсаулық сақтау институтының мәліметінше, суды көп мөлшерде қолдану ағзаны қосымша қуатпен қамтамасыз етіп, артық калориядан арылтады.

Серуендеу ағзаға жеңілдік сыйлайды

Кешкілік жұмыстан шыққан уақытта бірнеше шақырым жаяу жүруді әдетке айналдырыңыз. Себебі, таңнан қара кешке дейін бір орында отыра беру ағзаңызға кері әсерін тигізелі. Егер ұдайы серуендеп тұрсаңыз, сүйектер мен буындарда қозғалыс болып, ағзадағы қан айналым жақсара түседі. Мәселен, кофе сатып алсаңыз, оны арнайы дүңгіршектерде отырып ішудің қажеті жоқ. Жәй ғана көшеге шығыңыз да, жол бойында қадам басыңыз. Көп уақытыңызды серуенге арнамасаңыз да, күніне бір сағатыңызды жаяу жүруге қисаңыз, денеңіз сізге алғысын білдіреді. Үлкен мекемелерге барсаңыз, лифт немесе эскалатордың орнына баспалдақты пайдаланыңыз. Әрине, баспалдақ арқылы көтерілгенде аяғыңыз ауырып, басыңыз айналуы мүмкін. Бірақ, ол сізге кедергі болмауы тиіс. Себебі, жаяу көтерілу тыныс жолдарыңызды реттеп, жүрегіңізді май басудан сақтайды. Ағзаңызда қан айналымы жақсарып, денеңіз ауыртпалықтан арылады! Өзіңіз байқағандай, адам өзін жақсы сезіну үшін көп ақшаның, қымбат дәрілердің қажеті жоқ. Күнделікті тіршілігіңізді жүйелеп, жоспар бойынша әрекет етсеңіз жеткілікті.

Қарапайым өміріңізге қарапайым згерістер мен ережелер енгізсеңіз, бәрі де оңынан болмақ. Әрбіріңіз осы лайфхактан кейін аз күннің ішінде денсаулықтарыңызды ретке келтіретіндіктеріңізге сенімімiз мол.

Арызқойлық хақында

Арызқойлық қанға сіңген қасиет пе, әлде жүре келе пайда болатын әдет пе? Ол үшін тарихқа кері шегініс жасап көрелік.

Бауыржан БЕРІКҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан

Арызқойлардың лаңынан құтылмаған хәкім Абай да: «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да» деген өлеңінде: «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да, Оған да үкі, тұмар тағылса да. Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды, Кім желігіп, қай шеттен қағынса да. Күшік ит бөрі ала ма жабылса да, Тәңір сақтар табандап, тап ұрса да. Арсыз адам арсаңдап, арсылдайды, Әр жерде-ақ керегеге таңылса да. Құтырды көпті қойып аз ғанасы, Арызшы орыс – олардың олжаласы. Бірде оны жарылқап, бірде мұны, Қуды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы», – деп көкірегі қарс айрыла зарламап па еді?!

Сондай-ақ Абайдың «Қалаға шапса дем алмай, Өтірік арыз көп берсе» («Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінен) дегенін сәл ғана өзгертіп «Мәскеуге шапса дем алмай, Өтірік арыз көп берсе» деп көрейікші... Анығында осылай болды ғой. Аты өшкір сол арызқойлық талай арыстарымыздың түбіне жеткенін ойлағанда һәм оның үстіне атадан балаға қалған мирастай еш артымыздан қалмай келе жатқан бұл індеттің ұрығы әлі күнге дейін Шудың қарасорасындай қанша өртесе де, керісінше, жоғалмай, қаулап өсе беретініне налисың. Ал рухани көшбасшымыз Ахмет Байтұрсынұлының «Көк есектерге» өлеңінде:

«Қиын емес абақтыға жапқаны,
Қинамайды дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз аулымның иттері үріп, қапқаны», – деген шумағында қаншама шындық жатыр. «Өз аулымыздың» мұндай үргіш қапқыш иттері, қарап тұрсаңыз, қай кезде де аз болмаған екен-ау! Бұл итмінез бізге қайдан жұқты, қанымызға қайдан сіңді? Сексеуілді сексеуілмен ұрып сындыру саясаты сонау Ресей патшалығы тұсында-ақ жоспарлы түрде мықтап қолға алынғаны белгілі. Содан соң бұл сайқал саясатты Совет өкіметі өзіне қабылдап алды да, тамаша іске асыра білді. Сол Совет өкіметі құрылғанына көп бола қоймаған алғашқы жылдары-ақ, яғни 1922 жылы 22-шілдеде небары 22 жастағы Смағұл Сәдуақасұлы Әбдірахман Бәйділдинге былай деп жазыпты: «Қазақ қазақты кімнің алдында жамандайды? Әрине, бөтеннің алдында жамандайды! Мұнда келіп ұққан бір нәрсем: қазақ Мәскеуге келіп, ішкі кикілжің жөнінде хабар бермеуі керек. Әсіресе, бірін бірі жамандамасын, сөз тасымасын! Егер билік үшін ары мен жанын сатса, беті аулақ! Біз олардың ізінен де, ісінен де безінеміз».

Ал Әлихан Бөкейханның 1925 жылы жазылған «Бауырым Ахмет!» атты хатындағы: «Мәскеу коммунистері «қазақтар – ұлтшылдар» деп жалпыға жар салып, айқайлап жүр. Мен олардан «Айтып жүргендерің не? – деп сұрасам, олар «Өздерің өздеріңе шағым жасап жүрсіңдер, яғни оны жазған өз қазақтарың, – деп айтады», – деген сөздерді оқып отырып, түңіліп кеткендейсің. Және сондай-ақ Міржақыптың осындай арыз айдаушылар туралы: «Мұндай шағымдар толып жатыр, бірінен бірі «әдемі», бәрі – өзіміздің Құдай қарғаған «бауырлардың» ісі», – деген жанайқайын әлі ұмытқан жоқпыз... Неткен сұңғылалық десеңізші! Алаштықтар құдды бір 70-80-ші жылдарға, болашаққа диагноз жасап айтқандай әсерде болады екенсің...

Тарихтан сабақ алу деген бар емес пе, арызқойлық дерті туралы Абай айтып отыр, Ахмет, Әлихан, Смағұлдар ескертіп отыр, бірақ сол сабақ түю деген нәрсе дәл Совет заманында іске аса қойғаны шамалы, керісінше, сол кездегі талантты деген қазақ қаламгерлері арыз дегенді бірінің сыртынан бірі қарша боратып отырды емес пе? Соның бәріне жазушы Б.Тілегеновтің «Тұйық өмірдің құпиясы» атты толғау-романын парақтағаныңызда анық көз жеткізесіз. Бір кем дүние...

ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС
Бас директор **Махаббат СӘДУАҚАСОВА**

РЕДАКЦИЯ:
Бас редактор **Тоқнияз КУЧУКОВ**
Бас редактор орынбасарының м.а.: **Бауыржан СЕГІЗБАЕВ**
Аға тілші: **Гүлсім БЕГІМОВА**

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы **№16944 – Г** куәлігі берілді
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
Индексі: **65395**
Таралымы: **9 321**
Тапсырыс: **№ 332**

«Алматы – Болашақ» АҚ
Алматы қаласы, Алмалы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223В
тел: 8777-163-12-39
Газет айына 8 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ748560000000147459
БИК – KCJBKZKX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі, 29А.
Телефон: 8 (7172) 49-02-14, ішкі нөмір 110
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz

Компьютер және дизайн бөлімінің қызметкері: **Қайсар ЗАКИРАЕВ** Корректор: **Айша ӨТЕБӘЛІ** Фототілші: **Медет ӘШІРБЕКОВ** Нөмірдің кезекшісі: **Гүлсім БЕГІМОВА**